БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

Ленин туы

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 5 (9582) 1955 жылғы 8 январь Сенбі | Шығуына 35 жыл. жеке саны 20 тиын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ (1-бет).
Ж. Мұқанов. —Жаңа табыстарға жету жолында (1-бет).
Б. Жарқынов. —Колхозшылардың ынтасы. (1-бет).
Қазақстан КП облыстық комитетінің IV пленумы (2-бет).
ТҰҚЫМДЫ ЖЕТКІЛІКТІ ДАЙЫНДАП, ҰҚЫПТЫ САҚТАЙЫҚ! **С. Бахрамов.** —Тұқым айырбастауды ескермеген. **Б. Қалиев.** —Маңызды іске назар аудармай отыр. **К. Зайітов.** —Овощь қоймаларына құмыра дайындау (3-бет).
Д. Қабыкеев. —Каникул көңілді өтуде (3-бет).
ТАРАНДЫҚТАРДЫҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША: **И. Артемьев.** —Колхозшылардың белсенділігі. **М. Асқаров.**—Қызу қарсы алынғанмен, қостаусыз қалды (3-бет).
А. Қойшыбаев. —Кірпіш өндіру қарқыны арттырылсын (3-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

Мал қыстату жұмысына нақтылы басшылық жасалсын

Партия мен үкметіміз мал шаруашылығын шұғыл өркендету мәселесіне ерекше көңіл бөліп, зор қамқорлық жасап келеді. Демек, колхоздарды, МТС-терді, совхоздарды қазіргі заманғы озат техникамен үздіксіз қаруландырудың және оларды кадрлармен, әсресе мамандармен толықтырудың өзі бұл шаруашылыққа еліміздегі алдыңғы қатарлы мал өсірушілердің бай тәжрибелерін, ғылымның табыстарын батыл енгізуге, мал шаруашылығының мәдениетін онан сайын арттыра беруге барлық жағдайды жасап отыр.

Мал шаруашылығын халқымыздың және жеңіл өнеркәсібіміздің тілегіне сай өркендетудің айқын жолдарын белгілеп берумен қатар, СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы мал шаруашылығын, еңалдымен қоғамдық мал шаруашылығын неғұрлым тез өркендетудің еліміз үшін өмірлік маңызы бар және қазіргі уақытта партия мен мемлекеттің ауыл шаруашылығындағы ең шұғыл міндеті болып табылатынын атап көрсетті. Сентябрь Пленумының бұл нұсқауын бұлжытпай жүзеге асыра отырып, облысымыздың бірқатар мал өсірушілері мал шаруашылығын өркендетуде айтарлықтай табыстарға ие болды.

Бірақ облыстың колхоздары мен совхоздарын тұтас алғанда мал шаруашылығын өркендетуде, малдың санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыруда әлі де болса елеулі кателіктер мен кемшіліктер орын алуда. Бірқатар аудандық партия комитеттері мен Совет аткомдері, колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың басшылары бұл сияқты аса маңызды мәселеге жете назар аудармай келеді. Соның салдарынан облысымызда соңғы жылдары мал шаруашылығын өркендету жөнінде мемлекеттік тапсырмалар орындалмай отыр.

Мал шаруашылығын өркендетудің жауапты кезеңі мал қыстату болып табылады. Қазақстан КП облыстық комитетінің жуықта болып өткен IY пленумы «Облыстың колхоздары мен совхоздарында мал қыстатудың барысы туралы» арнаулы мәселе қарап, бұл жұмыстың көптеген колхоздар мен совхоздарда өте қанағаттанғысыз жүргізіліп отырылғандығын атап көрсетті. Сонымен қатар пленум мал қыстатуда орын алған кемшіліктерді дереу жоюдың, малдың санын көбейтіп, оның өнімділігін арттырудың, мал шаруашылығына басшылық етудің нақтылы шараларын белгіледі. Пленумның жау-

осының салдарынан бұл колхозда ондаған мал шығын болған.

Ауданның колхоздарында болып отырған осындай төзгісіз жағдайды аудандық партия комитетінің бірінші секретары Соболь, аудандық Совет аткомінің председателі Сәрсенбаев жолдастар тіпті жете білмейді де. Өйткені бұл жолдастар колхоздарда болғанда мал қыстатудың барысымен жете танысып, малдың қоңы төмендеуінің, сауын сиырлардың сүт өнімділігі азаюының, сайып келгенде мал шығыны болуының себептерін егжей-тегжейіне дейін жете тексеріп ашпайды, ол-ол ма, тіпті байқалған кемшілікті де жоюдың нақтылы шараларын белгілеп, колхоздарға іскерлікпен көмек көрсетпейді. Олар басшылықты тек жалаң бұйрық, тапсырма берумен, болған фактілерді тізіп алып кетумен тындырады. Әрине, мал шаруашылығына бұлай басшылық етуден ешқандай нәтиже шықпайды. Мал шаруашылығына осылай жеңіл-желпі қарау, мал қыстату жұмысына жете маңыз бермеу әдеті Мамлют аудандық партия комитетінің бірінші секретары Савинов, Совет аткомінің председателі Жадан жолдастарда да бар. Бұл жолдастар да мал қыстатуды үлгілі өткізу жөнінде мардымды ештеңе істей алмай, колхоздардың, МТС-тердің басшыларынан қатаң талап ете алмай, басшылық ісінде өздерінің дәрменсіздіктерін көрсетіп келеді.

Мал қыстатуға, малдың санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыруға бұлай жауапсыз қарауға болмайды. Аудандық партия комитеттері мен Совет аткомдері, МТС, совхоз директорлары, колхоз председательдері, мал шаруашылығының мамандары, әсресе зоотехниктер мен малдәрігерлері мал шаруашылығын СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысында көрсетілген міндеттер дәрежесіне сай өркендету үшін барлық фермаларға, мал өсірушілерге байыптылықпен, іскерлікпен үнемі нақтылы басшылық жасап, тиісті көмек көрсетіп отырулары керек. Мал қыстатудың үлгілі өткізілуі фермалардың істің жайын жете білетін кадрлармен толықтырылуына, олардың материалдық және мәдениет жағынан толық қамтамасыз етілуіне тікелей байланысты. Сондықтан жергілікті партия, совет ұйымдары мен колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың басшылары мал өсірушілердің қажеті мен тілегіне үнемі құлақ асып, зор қамқорлық жасап отырулары керек. Мал

Қазақ ССР еңбекшілер депутаттарының Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің сайлауын өткізетін облыстық сайлау комиссиясының құрамын бекіту туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

«Қазақ ССР еңбекшілер депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық, поселкелік, селолық және аудандық Советтерінің сайлауы туралы Ереженің» 27 статьясы негізінде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы **қаулы етеді:**

Қазақ ССР еңбекшілер депутаттарының Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің сайлауын өткізетін облыстық сайлау комиссиясы қоғам ұйымдары мен еңбекшілер қоғамдары өкілдерінің мына құрамында бекітілсін:

Облыстық сайлау комиссиясының председателі **Лосев** Григорий Васильевич — Солтүстік Қазақстан облысының коммунистік ұйымынан.

Облыстық сайлау комиссиясы председателінің орынбасары **Соколова** Галина Николаевна —Петропавл қалалық ауруханасының медициналық қызметкерлерінен.

Облыстық сайлау комиссиясының секретары **Морозова** Мария Прокопьевна — мәдениет қызметкерлерінің Солтүстік Қазақстан облыстық кәсіподақ ұйымынан.

Облыстық сайлау комиссиясының мүшелері:

Цимбал Ефим Васильевич —кәсіподақтардың Солтүстік Қазақстан облыстық Советінен.

Нүрпейісов Жасұлан Қасымұлы— Қазақстан ЛКЖО Солтүстік Қазақстан облыстық ұйымынан.

Ляшевич Иван Давыдович—Петропавл ауданы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының колхозшыларынан.

Жанпейісов Теңізбай—Булаев ауданы, Совет совхозының жұмысшыларынан, инженер- техник қызметкерлері мен қызметшілерінен.

Харенко Владимир Иванович — Омск темір жолы, Петропавл станциясы паровоз депосының жұмысшыларынан, инженер- техник қызметкерлері мен қызметшілерінен.

Калиниченко Александра Михайловна —Булаев машина- трактор станциясының жұмысшыларынан, инженер- техник қызметкерлері мен қызметшілерінен.

Розунова Зоя Тимофеевна — бастауыш және орта мектеп оқытушылары кәсіподағының Конюхов жергілікті комитетінен.

Никола Татьяна Ивановна — металл өңдеу заводының жұмысшыларынан, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілерінен.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің Орынбасары И. ЛУКЬЯНЕЦ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы, 4 январь, 1955 жыл.

Ауыл шаруашылығының механизаторларын даярлау

Еліміздің ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелеріне оқушылар қабылдау аяқталды. Бұл оқу орындарына ноябрьде-декабрьде 150 мыңнан аса адам қабылданды. Бұлардың арасында өткен жылы запасқа шыққан Совет Армиясының көптеген жауынгерлері бар.

Оқушылардың бәрі сабаққа кірісті. Алты ай оқу кезінде олар тракторшы және комбайншы мамандықтарын үйреніп шығады. Тың және тыңайған жерлер игеру жұмыстарына арнап 100 мыңдай механизатор даярланып жатыр.

міздің ауыл шаруашылығына жөнелткен.

Өткен жылы механизаторларды даярлаудың сапасы жақсарды. Өткізілген емтихандар мен оқу бітіргендердің МТС-тердегі практикалық жұмыстары мұны дәлелдеп отыр. Училищелер көптеген техника алды.

Ауыл шаруашылығын жоғары маман жұмысшылармен қамтамасыз ету үшін еңбек резервтерінің жүйесінде 45 техникалық училище құрылды, оларға толық орта білімі бар жігіттер мен қыздар

Жаңа табыстарға жету жолында

Коммунистік партия мен Совет үкметі жеңіл өнеркәсіп қызметкерлерінің алдына аса құрметті міндет—совет еңбекшілерін ең қысқа мерзім ішінде киіммен, аяқкиіммен, түрлі маталармен және халық тұтынатын басқа товарлармен қамтамасыз етуді жақсарту үшін жеңіл өнеркәсіптің барлық саласын жедел өркендету міндетін қойды. Бұл абройлы міндетті жүзеге асыру жолындағы социалистік жарысқа облысымыздың барлық кәсіпорындары коллективтерімен бірге қаладағы «1 май» кәсіпшілік артелінің жұмысшы-қызметкерлері де бір ісідей қосылды. Өткен 1954 жылда еңбек өнімділігін едәуір арттырып, өнім сапасын жақсарта түсті.

Кәсіпшілік артельдерінде өнімді мол шығарып, сапасын арттырумен бірге, оның өзіндік құнын кеміту—кәсіпорындарының бүкіл жұмысының сапасын сипаттайтын негізгі көрсеткіш болса, жұмыстың бұл саласында да артель коллективі жақсы көрсеткіштердің иесі болды. Мұнда тігін машиналарымен толық жабдықталған, өндірісте өз мамандықтарын жете меңгеріп, адал еңбек ететін кадрлармен толықтырылған екі жаппай киім тігу модылы көйлектер, басқа да жеңіл киімдер тігетін үш цех, әйелдерге түрлі жаңа модылы көйлектер басқа да жеңіл киімдер тігетін екі цех бар. Онымен бірге, мұнда соңғы жылдарда кесте тігетін екі цех ұйымдастырылып жұмыс істей бастады.

Цехтар мен бригадалардағы тігіншілер өткен жылда өнімді көп шығаруға және оның сапасын арттырып, өзіндік құнын кеміте беруге, сондай-ақ өндірістегі әрбір минут жұмыс уақытын тиімді пайдалануға өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алып, ол міндеттемелерін аброймен орындап шығу жолында қажырлылықпен еңбектенді. Сөйтіп, 1954 жылда жоспарланған 12 миллион 600 мың сомның өнімін шығарудың орнына, 28600 сомның жоғары сапалы өнімін жоспардағыдан тыс өндірді.

Облысымызда тың және тыңайған жерлердің көп игерілуіне байланысты еліміздің түпкір-түпкірінен, ірі қалалары мен селоларынан көмекке келген патриоттар саны күн асқан сайын көбейе түсуде. Бұл патриоттарды жылы киім-кешектермен қамтамасыз ету—артель тігіншілерінің жұмысын бұрынғысынан да күрделендіре, олардың жауапкершілігін арттыра түсті. Коллектив мүшелері бұл жауапты міндеттерді де абройлы атқарып келеді.

Цех озаттары киім пішуші Пишенко, бригадирлер Филиппова, Кубасова мен тігінші Петрова жолдастар сменалық, айлық тоқсандық өндірістік тапсырмаларын үнемі 135-150 проценттен орындады.

Мәдени-тұрмыстары күн санап жақсарып отырған халқымыздың кәсіпорындары шығарған өнімдерін таңдап, талғап тек жоғары сапада ғана өндірілген заттарды сатып алатындығы заңды іс. Міне осы тілектерді мүлтіксіз орындау жолында әйелдерге түрлі жаңа модылы киімдер тігетін Данилова жолдас басқаратын цех коллективі елеулі табыстарға ие болуда. Өткен жылдың өндірістік тапсырмасын 134 процентке артығымен орындап, қазір бесінші бесжылдықтың ақырғы жылы есебіне еңбек етуде.

Артельдің жұмысшы-қызметкерлері өздерінің білімдерін көтеруге, мамандықтарын жетілдіре беруге ерекше көңіл бөліп отырады. Өткен жылдың өзінде мастер Корчагина, жоспарлаушы Юдина, нормировщик Чирикова жолдастар өз мамандықтары бойынша Алматы қаласында оқып келді. Онымен бірге, артель жұмысшыларынан 86 адам тігіншілікке техникалық минимум тапсырды. Ал жаңадан жұмысқа орналасқан 20 тігінші бригадаларда үйреніп, 9 тігінші еңбекшілер заказдарын орындайтын тәжрибелі мастерлерден үйреніп шықты. Артель жұмысшыларының ішінде кешкі және сырттан оқытатын мектептерге білімін көтерушілер саны жыл санап көбейе түсуде.

Бұл артельде 5 коммунист, 40 комсомолец еңбек етеді. Артель партия, кәсіподақ ұйымдары еңбек өнімділігін арттыру, өнім сапасын жақсарта беру, өзіндік құнды кеміту жолындағы социалистік жарысты басқару және ұйымдастыру жұмысымен жете шұғылданады. Жұмысшы-қызметкерлерге өткен жылда түрлі тақырыптарда 19 рет лекция, 1310 рет дауыстап газет-журналдар оқылып, 129 рет цехтар мен бригадаларда әңгімелер өткізілді. Сонымен бірге, қабырға газеті мен жауынгерлік листовкалар шығарылып, оларда өндірісте артта қалушылар, өнімде ақау жіберушілер қатты сыналды. Қазірде мұнда 27 адамнан құралған көркем-өнерпаздар үйірмесі жұмыс істейді. Үйірме коллективі өткен жылда артельдің жұмысшы қызметкерлеріне бірнеше рет концерттер қойып, демалыс кештерін ұйымдастырды.

Артель басшылары мен партия, кәсіп-

сөйтіп, оны мүлтіксіз жүзеге асыру партия ұйымдарының маңызды міндетінен саналады.

Быйыл мал қыстатуға әзірлік, әсресе Мамлют, Приешім, Полудень, Петропавл аудандарының көптеген колхоздары мен совхоздарында өте-мөте нашар жүргізілді. 1954 жылы Мамлют ауданында ірі сабақты мал азығы 1953 жылғыдан 2500 тонна, Приешім ауданында 5760 тонна, Полудень ауданында 8080 тонна, Петропавл ауданында 2700 тонна кем дайындалды. Мамлют ауданының Сталин атындағы «Память Кирова» колхоздарының дайында ған ірі сабақты азығы 25 февральға, Полудень ауданының Аманкелді атындағы, Чапаев атындағы, «Путь Ильича», «Путь к социализму» колхоздарында 22 февральға дейін ғана жетеді. Мұндай тозгісіз фактілер Соколов, Ленин, Совет аудандарының колхоздарында да бар. Осыған қарамастан жоғарыда аталған аудандардың колхозлары мал азығын толықтырудың, қар астында жайналмай қалған шөп пен сабанды жыйнап, мал базаларына тасып алу шараларын жүзеге асырмай отыр.

Бірсыпра аудандарда, әсресе Мамлют, Приешім, Полудень, Петропавл аудандарында мал қыстатуға партия, совет ұйымдарының тарапынан басшылықтың нашар болуы, фермаларда еңбектің дұрыс ұйымдастырылмауы, олардың кадрлармен толықтырылмауы, малдың зоотехникалық малдәрігерлік ережелерге сәйкес азықтандырылмауы, қорлардың осы уақытқа дейін қысқы маусымға бейімделіп жабдықталмауы салдарынан көзірдің өзінде едәуір мал шығын болды. Малдың шығын болуының негізгі себебі жоғарыда айтылған фактілермен бірге мал азығының тапшылығында ғана емес, күтімнің өте-мөте нашарлығында болып отыр. Мәселен, Приешім ауданының Калинин атындағы және Киров атындағы колхоздарының экономикасы, сондай-ақ жер жағдайы бірдей. Солай бола тұрса да, екі колхоздағы істің жайы екі түрлі. Калинин атындағы колхозда малдың күтімі жақсы. Барлық түліктің де тұратын қоралары жабдықталған. Қоралардың іші таза сақталады. Жем шөп малға белгіленген рацион бойынша, өңделіп, нәрлендіріліп беріледі. Мал күтушілер жұмысқа кезінде шығып, қарауындағы малын күн сайын тойындыра азықтандырады. Ал Киров атындағы колхоздағы жағдай бұған керісінше. Бұл колхоздың фермаларында еңбек тәртібі нашар. Жекелеген мал күтушілер өздерінің жұмысына жауапсыз қарайды. Малды кезінде, зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сай азықтандырмайды. Қоралары суық, қысқа толық бейімделмеген. Міне

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Ақтөбенің ферросплав заводының мастері А. Ходес осыдан бірнеше жыл бұрын Москваның мемлекеттік университет нің сыртқы оқыту бөлімшесіне түскен еді. Ол оқуды қазір өндірістегі жұмысымен ойдағыдай үштастырып, қазір диплом жобасын жазып жатыр. Бірінші металл балқыту цехындағы смена бастығы М. Друинский Москваның политехника институтын бітіргелі отыр.

50-ден аса металлург еліміздің жоғары және арнаулы орта дәрежелі оқу орындарында сыртқы оқыдық. Олардың алған білімі еңбекте көмектесуде.

ССРО Министрлер Советі жанындағы еңбек резервтерінің бас басқармасынан СОТА-ның тілшісіне хабар етілгеніндей, 1954 жылы училищелер 350 мыңдай трактормы мен комбайншы даярлап, елі-

механиктердің, МТС нормалаушыларының, совхоздардың бөлімшелері мен фермалары механиктерінің және басқаларының мамандығын меңгеріп шығады.

(СОТА).

ССРО Сурет академиясы мүшелері шығармаларының көрмесі жабылды

ССРО Сурет академиясының толық мүшелері мен мүше-корреспонденттерінің живопись, скульптура, графика шығармаларының үшінші көрмесі осыдан бір айдан астам уақыт бұрын Москвада ашылған болатын.

Көрмеге еліміздің аса көрнекті суретшілерінің соңғы екі жылдың ішінде салған 500-дей суреттері қойылды. Шығармалардың көпшілігі советтік өмір шындығына арналған.

Көрмені 23 мыңнан аса жұмысшы, колхозшылар, Москва жоғары оқу орындарының студенттері, ғылым мен мәдениет өкілдері келіп көрді.

(СОТА).

Жаңадан қоныстанушылар жоғары оқу орындарына түсуде

БАРНАУЛ, 6 январь. (СОТА). Алтай ауылшаруашылық институтының сырттан оқытатын бөлімшесінде кеше оқуға қабылдау емтиханы басталды. 225 орынға 300-ден аса өтініш түсті. Олар негізінен Алтайға тың және тыңайған жерлер игеруге келген жастардан түскен.

Колхозшылардың ынтасы

Коминтерн атындағы колхоз үшін 1954 жыл —ұзақ сақталатын ұлы өзгеріс жылдарың бірінен саналады. Бұл —колхоздың тың игеруде де, малдың өнімділігін арттыруда да, еңбектің құнын көтеруде де елеулі табыстарға жеткен жылы.

Колхозда шаруашылықтың негізгі саласы—егіншілік. Демек, колхоздың мол табысты болуы осы шаруашылықтың мәдениетін арттыруға тікелей байланысты. Муны жете түсінген колхоз мүшелері партия мен үкімет алға қойған тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру есебінен астық молшылығын жасау міндетін зор қанағаттанғандық сезіммен қарсы алып, оны жүзеге асыру жолында аянбай еңбектенуде.

Колхоз мүшелері МТС механизаторларының көмегімен тек 1954 жылдың өзінде 2372 гектар тың игерді. Мұнын 607 гектарына көктемде егін егіп, 12 центнерден өнім алды. Мұнда егістік жер көлемі жылма жыл ұйғайтылуда. Егер колхоздың 1953 жылы 3747 гектар ғана егістік жері болса, 1955 жылы бұл көрсеткіш 6470 гектарға жетпек.

Колхозның егіс көлемінің жыл санап ұлғаюына байланысты бұл саладан алынатын табыс көлемі де ұлғая түсуде. Колхозшылардың еңбегіне бөлінетін астық молшері де артты, өткен жылы 1953 жылмен салыстырғанда колхоз мемлекетке астықты 3 есе артық сатты. Бұл табыстың негізі —колхоз өндірісінде механика күшінің кең пайдаланылуында, егістік жердің ұлғайтыла берілуінде. Колхозда үш трактор бригадасы, 19 трактор жұмыс істеді. Егін орағында 14 комбайн жүрді. Жаңа талапқа сай техника күшінің жаңаша толықтырылуы, келесі жылдың көктеміне қажетті жерді күшілері әзірлеуге мүмкіндік берді. Көзір мұнда 1955 жылдың егісіндік алаң толық өзір. 6690 гектар пар мен зяб бар, оның 2372 гектары —тың. Сондықтан да колхоз алдағы жылы орта есеппен әр гектардан 14 центнер өнім алуды жоспарлап отыр.

Әрине, келесі жылғы егіннен өнімді мол алу үшін бір ғана жұмысталған жердің мол болуы жеткіліксіз. Бұл іште кәзірден бастап сапалы тұқым әзірлеудің маңызы аса зор. Осы себепті колхозшылар 1955 жылғы егіске керекті тұқымды толық әзірлеуді қамтамасыз етті. Көзір мұнда 6078 центнер бидай, 1310 центнер сұлы, 300 центнер арпа, 90 центнер ғана тары және бірнеше центнер техникалық дақылдар тұқымы бар. Бұдан басқа мал азығына арналған картоп және бидайық тұқымдары дайындалған.

Колхозда мал шаруашылығы негізгі табысты салаға айналуда. Мал басы осіп, өнімділігі артуда. Атап айтқанда, мал басы өткен жылмен салыстырғанда 27 процент өскен. Әрбір сауын сиырдан орта есеппен алынған сүт —1565 литр Колхоз мемлекетке жүнді 1953 жылдан —11 центнер артық тапсырды. Колхозшылардың мал шаруашылығына ерекше назар салуы, одан мол өнім алу жолында аянбай еңбектенуі нәтижесінде артель мемлекеттік сатып алу орындарына мал шаруашылығы өнімдерін көптеп сатуға жетісті. Өткен 11 ай ішінде мемлекетке 440 центнер ет, 671 центнер сүт сатылған.

Мал шаруашылығының мұндай табысты салаға айналуы жолында колхоз басқармасының, оның ішінде колхоз председателі А. Кухаренко жолдастың үлкен ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізе білгендігін атап айту керек. Ол мал өсірушілерге күнделік көмек көрсетіп, кездескен кемшіліктерді дереу жоюды қамтамасыз етумен бірге, мал шаруашылығына істе көшжылдық тәжірибелері бар адамдарды бекітулі бірінші кезекке қойды. Осының нәтижесінде колхоздың мал шаруашылығында көптеген озаттар тәрбиеленіп шықты.

Колхозшылар мал шаруашылығының дағдыры шешілетін кезең—қыс маусымын үлгілі өткізіп, алдағы жылдарға да осы көрсеткіштерді өрге бастыра беру жолында аянбай еңбек етуде. Бұл үшін күрес мал азығын дайындаудан басталды.

Колхоз басқармасы малдың өнімділігін қыс уақытында да көтерудің кепілі — малазық қорының мол болуы үшін пішен дайындауды тоқтаусыз жүргізді. Шабылған пішеннің сапалы маялануына зер салды. Сонымен бірге, мал азығының құнды резерві— сабан- топанды маялау тығылықты жүргізілді. Осының бәрі колхозда 20 мың центнерден аса шөп, 5 центнерден аса сабан- топан әзірленуіне жетістірді. Бұдан басқа колхозда 6100 центнер сүрленген жемшөп және көптеген жемазық бар. Азық малға әзірленген: тураған, буландырылған, нәрлендірілген күйінде ғана берілуі қамтамасыз етілген. Бұл — малдың өнімділігін қыс уақытында да көтеруге жолындағы күрес. Мал шаруашылығы жұмыстарының ойдағылай жүргізілуі жолында жақсы еңбектенген — зоотехник Ивашова жолдас. Ол малшылардан күтімді зоотехникалық ережелерге сай жүргізуіне жетісу үшін күресуде, мал өсірушілерді ұйымдық зоотехникалық курстарға тартып ғылым мен практиканың озат әдістерімен таныстыруға, оны өз істерінде қолдануына көмектесуде.

Колхоздағы барлық шаруашылықтың табысты болуы жолындағы күрес игі нәтижесін беріп те келеді. 1953 жылы колхоз жыл ішінде 800 мыңнан аз-ақ ақша табыс алса, 1954 жылғы он бір айлық табыс —1 миллион 100 мың.

Артельдің табысы артуына байланысты байлығы да өсуде. Бір кезде бір машинаға зар болған колхоз мүшелерінің бүгінде кәзір 8 жүк автомобилі, бір «Победа» машинасы бар.

Жыл ішінде салынған құрылыстар қанша! 10 мың центнерлік астық қоймасы, шошқа, бұзау үйлері, автомашинамен жүк өлшейтін автомат таразы, мотормен жүретін диірмен, бес бөлмелі колхоз кеңсесі —осылардың бәрі үстіміздегі жылы салынған құрылыстар.

Колхоз шаруашылығының нығайып, мол табысты болуы нәтижесінде колхозшылардың өскелең мәдени, рухани, тұрмыстық кажеттерін ырза етуге, оларды материалдық жағынан ынталандыруға жағдай тууда. Колхозда телефон бар. Колхозшылар үйі толық радиоланған.

Колхозда барлық шаруашылықтың да жақсы дамуы колхозшылар еңбекқүнінің құны артуына жетістірді. Көзір артельге еңбекқүнге 150- 200 пұттан астық, 4-5 мың сомнан ақша алғандар көптеп саналады. Мысалы, колхозшы В. Геринг семьясымен он айлық еңбекқүнге 250 пұттан артық астық, бірнеше мың сом ақша алды.

Колхоз басқармасы қол жеткен табыстарды тұрақтандыра отырып, алдағы жылдың перспективаларын жоспарлауда. Атап айтқанда, 1955 жылы колхоз электр станция орнатулы белгіленді. Бұған алдын- ала әзірліктер жасалуда. Сонда колхозғағы электр күшімен сыйыр сауатын агрегаттар да іске кірісетін болады, фермалардағы қол еңбегін көп керек ететін жұмыстар толығынан механикаландырылады. Мұнымен бірге алдағы жылы станларды жобамен екі сыйыр қорасы салынбақ.

Бұл шаралардың жүзеге асырылуы колхозшылар еңбегін кәзіргіден де құнды етеді, мәлени тұрмысы арта түседі. Оны бірнеше жылғы тәжірибе көрсетіп келеді. Сол себепті колхозшылар шаруашылықты ұлғайта түсуге, оны механикаландыруға ынтық.

Б. ЖАРҚЫНОВ.

Ж. МҰҚАНОВ.

ҚАЗАҚСТАН КП ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ IV ПЛЕНУМЫ

Облыстық партия комитетінің 4—5 январьда болып өткен IV пленумы «Облыс колхоздары мен совхоздарында мал қыстатудың барысы туралы» мәселе талқылады. Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары **Кәрібжанов** жолдас Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті бюросының «Солтүстік Қазақстан облысы колхоздарында, совхоздарында мал қыстатуға әзірліктегі және оны өткізудегі кемшіліктер туралы» қаулысы жөнінде хабарлады.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша облыстық партия комитетінің секретары **Попадько** жолдас баяндама жасады. ҚКП Орталық Комитетінің қаулысы біздің облыста мал қыстатуға әзірліктегі және оны өткізудегі кемшіліктерді өте дұрыс көрсеткен. Баяндамашы облыстың колхоздары мен совхоздарына ауыл шаруашылығының барлық саласын шұғыл өркендету үшін мемлекеттің көрсетіп отырған зор көмегін атап өтті. Алайда, деді ол, өткен жылы біздің облыста мал шаруашылығын өркендетуде ешқандай өзгеріс болмағанын мойындау керек. Біркатар көрсеткіштерді біз кемітіп алдық. Әсресе мал басын өсіру жөнінде мемлекеттік жоспардың орындалу көрсеткіші Октябрь, Ленин, Мамлют және Приешім аудандарында өте төмен болып отыр. Сол сияқты, қоғамдық малдың өнімділігін арттыру мәселесі де баяу шешілуде. Мал шаруашылығының жайын жақсарту үстіміздегі жылы мал қыстату маусымын ойдағыдай өткізу мәселесіне көп байланысты. Баяндамашы мал қыстату маусымын ұйымдастыруда орын алып отырған елеулі кемшіліктерді ерекше атап көрсетті. Бұл елеулі кемшіліктер облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетінің, аудандық партия комитеттері мен аудандық атқару комитеттерінің тарапынан облыста мал шаруашылығын өркендету ісіне басшылықтың қанағаттанғысыз болуы салдарынан орын алып отыр. Бірқатар аудандардың басшылары, көптеген МТС-тердің директорлары, колхоздардың председательдері бұл маңызды іске жауапсыз қарап келеді. Полудень ауданының бірқатар колхоздарында басқаны айтпағанда колхоздардың қысқа әзірлігі, мал үшін жемшөптің қаншалықты жеткілікті екені де тексерілмеді. Приешім аудандық партия комитеті тексеру жұмысымен мүлде шұғылданбай, бұл істі бетімен жіберді. Полудень және Петропавл аудандарының колхоздарында мал азығын алдын ала дайындап беру және жемшөпті тасу жұмыстарына назар аударылмай келеді. Баяндамашы бірқатар колхоздарда малдың жемшөппен қамтамасыз етілмеуіне ерекше назар аударды. Мамлют, Приешім, Полудень және бірқатар аудандардың басшыларының тарапынан қамқорлықтың болмауы, иесіздіктің салдарынан өткен жылы мал қыстатуда малдың көп шығын болуына жол берілді. Облыстық партия комитеті мен облыстық Совет аткомі мал шаруашылығын өркендету, мал қыстату маусымын өткізу мәтер дәрежесіне сай қайта құруды баяулатқаны үшін облыстық партия комитетінің бюросы мен облыстық Совет аткомін сынға алды. Соңғы үш жыл бойы облыстық партия комитетінің секретарьларының, облыс басшыларының бірде-бірі мал шаруашылығын өркендету мәселесін шындап қолға алған жоқ. Облыстық комитет пен облыстық атқару комитеті әлі де болса бұрынғыдай жансыз қағаздың күшіне сүйеніп келеді. Біз көптеген директивалар аламыз, бірақ олар жаңды ұйымдастыру жұмысымен нығайтылмайды. Облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Журавлев, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Коробов жолдастар МТС-тер мен колхоздарда сирек болады. Олар кабинетте отырып басшылық етуді ұнатады. Аталған жолдастар озат колхоздардың мал шаруашылығын өркендетудегі тәжрибелерін насихаттауды, сөйтіп жалпының игілігіне айналдыруды естен шығарған. Қизатов жолдас Попадько жолдастың баяндамасында өзара сынның болмағанын айтты. Баяндамада облыстық партия комитеті облыстың ауыл шаруашылығына, әсресе, мал шаруашылығына өзінің басшылығын қалай жақсартатыны көрсетілуі керек еді.

Қазақстан КП облыстық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі **Егоров** жолдас өзінің сөзін мал өсірушілер арасындағы партиялық- саяси жұмыстың жайына арнады. Көптеген колхоздардың, совхоздардың партия ұйымдары, аудандық партия комитеттерінің МТС аймақтары жөніндегі нұсқаушылар топтары мал өсірушілер арасындағы саяси жұмысқа жете назар аудармайды. Облыстың және аудандардың партия активі лекция оқу, баяндама жасау, әңгіме өткізу жұмыстарына сирек қатысады. Егоров жолдас мал шаруашылығы мәселелерін жеткіліксіз жазатыны үшін облыстық газеттердің редакцияларын сынады.

Полудень аудандық партия комитетінің секретары **Дружинин** жолдас аудан партия ұйымы жөнінде айтылған сынды дұрыс деп мойындады. Өткен жылы біз, деді ол, мал қыстату маусымына әзірлікте және оны өткізуде елеулі кемшіліктердің орын алуына жол бердік. Біз, әсресе, мал шаруашылығы кадрларын дұрыс іріктеп ала алмадық. Жас малдарды күту ісінің жайы қанағаттанғысыз болды. Мұның бәрі бірқатар малдың шығын болуына әкеп соқты. Дружинин жолдас ауданда мал шаруашылығының жайын жақсарту жөнінде жүзеге асырылып жатқан шаралар туралы хабарлады. Ол облыстық Совет аткомін сынады. Облыстық Совет аткомі председателінің орынбасары Калинин жолдастың аудандардан көптеген мамандарды шақырып алып, оларды түрлі мәліметтер беру үшін өзінің кабинетінде екі-үш күн бойы ұстауына таным бар. Қажетті цифрлар мен мәліметтер бізде, ауданда, да бар емес пе? Бүгін біз аудандық Совет аткомінің председателі Засыпкин жолдас екеуміз секретарының жұмысындағы елеулі кемшіліктер туралы хабарладым. Попадько жолдас менің арызымды көктем егісі өткеннен кейін тексеру жөнінде уәде берді. Бірақ оның уәдесі июль айының аяғына дейін де орындалмады. Сондықтан Қазақстан КП Орталық Комитетіне бұл жөнінде шағым беруге мен мәжбүр болдым. Тек осыдан кейін ғана менің арызым бойынша тексеріс жүргізілді. Алайда, бұл жөнінде қажетті шаралар қабылданбады. Бәшіров жолдас басқа басшы қызметке ұсынылды.

Степной совхозының директоры **Григорьев** жолдас пленумда совхоздар тресі, облыстық Совет аткомі, облыстық партия комитетінің совхоздар бөлімі тарапынан совхозға елеулі көмек болмай отырғанын айтты. Ол уәдені көп беретін, бірақ оны орындамайтын совхоздар тресінің директоры Зенченко жолдасты өткір сынға алды. Сөзінің қорытындысында Григорьев жолдас мал өсірушілер арасындағы партиялық-саяси және мәдени-тәрбие жұмыстарының кемшіліктеріне тоқталды.

Облыстық астық дайындау мекемесінің бастығы **Букат** жолдас облыс колхоздары мен совхоздарында жайлымдар мен шабындықтарды жайып суару жөнінде мәселе көтерді. Бұл үшін Есіл өзенінің суын толық пайдалану қажет. Сонымен қатар Букат жолдас көктемгі дала жұмыстарына әзірлікті жақсартудың қажеттігіне әсресе, әрбір шаруашылықтың тұқыммен толық қамтамасыз етілуіне тоқталды.

Облыстық «Ленинское знамя» газетінің редакторы **Гусев** жолдас өзінің сөзінде Попадько жолдастың баяндамасында мал жөнінде сөз көп болғанымен, бірақ адамдар жөнінде аз айтылғанын атап көрсетті. Конюхов ауданы, «Красная крепость» колхозының мал өсірушілерінің үндеуі жөнінде де ескерілмеді. Олардың үндеуі облыстық газеттерде жарияланды, ең таңдаулы адамдар,—мал өсірушілер игілікті инициатива көрсетіп, бағалы ұсыныстар жасады. Олардың бастамасы бойынша социалистік жарысты кеңінен өрістету қажет. Облыстың біріншi басшысына, деді шешен, бұл озат коллективті ескерусіз қалдыруына бола ма? Гусев жолдас облыстық партия комитетінің газет дабылына жете назар аудармайтынын айтты. Сонымен қатар шешен облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімі меңгерушісі Журавлев жолдастың жұмысында формальдылық, үстірттік мықтап орын тепкенін сынады. Редакцияның қызметкерлері облыстың ауыл шаруашылығы мәселелерін жазу жөнінде Журавлев жолдастан бірнеше рет кеңес сұрады. Бірақ не пайда ол цифрлар мен мәліметтерден басқа колхоздардың, МТС-тердің нақтылы өмірін білмеді.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы **Коробов** жолдас баяндамада және жарыссөзде басқармаға айтылған сынның дұрыстығын мойындады. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы, оның бастығы, мен өскелең міндеттердің дәрежесінде бола алмадық, Коробов жолдас МТС директорлары мал шаруашылығы же-

«Луч Ленина» колхозының (Петропавл ауданы) председателі **Бәукенов** жолдас былай деді:

—Біздің колхоз мал шаруашылығын өркендетуде кейбір кемшіліктерге жол беріп отыр. Мал қыстату маусымының жайы қанағаттанғысыз. Бұл жұмыста мал қораларын әзірлеудің зор маңызы бар. Ал біздің колхозда мал қоралары стандартты емес, жабайы. Колхоз басқармасы мен партия ұйымы мал қораларының құрылысымен жеткіліксіз шұғылданып келеді. Алайда, бұл жөнінде колхоздарда мал қораларының құрылысы мәселелерімен жеткіліксіз шұғылданып отырған облыстық партия комитетінің бюросы мен облыстық Совет аткомінің де кінәсі аз емес.

Жемшөп маңызды мәселелердің бірінен саналады. Облыстық ауылшаруашылық басқармасы жемшөп базасы мәселесін әлі де болса елемей отыр. Облыстық ауылшаруашылық басқармасы мамандарының колхоздарда жиі болуы, практикалық көмек көрсетуі қажет.

—Мал шаруашылығымен байланысы бар қызметкерлер, біздің әрқайсысымыз,— деді Преснов совхозының директоры **Ларин** жолдас,—Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросы қабылдаған қаулыдан өз кемшіліктерімізді көре білуге тиіспіз. Облыстық ұйымдардың тарапынан бізге талап жеткіліксіз болып келді. Мұның себебі біздің облыстың басшы қызметкерлерінің мал шаруашылығындағы жағдайды жете білмеулерінен ғой деп білемін.

Совхоздар тресінің басшылары мал шаруашылығын жете бағаламайды. Өткен жылы облыс совхоздарына басшылық мүлдем жеткіліксіз болды. Рас, жаңа совхоздарды ұйымдастыру басшылардың көп уақытын алған шығар. Дегенмен, бұл жағдай бұрынғы совхоздарға басшылықты әлсіретуге тиіс пе? Әрине, жоқ. Мал шаруашылығы бұрынғы совхоздарда басым екені мәлім емес пе?

Бұрынғы совхоздарда мал шаруашылығын өркендетудің перспективті мәселелерінің толғағы жетті. Ертең жұмысты қалай істейміз, бұл мәселе өте принципті, өйткені біз астық шаруашылығы жөнінде де қарыштап ілгері басудамыз. Келесі жылы біздің совхозда егін шаруашылығынан алынатын табыс мал шаруашылығының табысымен тең болғалы отыр.

Мал шаруашылығын өркендету мәселесі фермаларды механикаландыру ісімен тығыз байланысты. Мал шаруашылығында жұмыс істейтін адамдардың санын қысқартып, олардың еңбегін жеңілдету үшін фермаларда қуатты электр станциялары, су түтіктерін орнату қажет.

Мұнан кейін Ларин жолдас мал фермаларындағы жұмысты ұйымдастыру мәселесіне тоқталды.

—Өткен жылы, —деді ол, —сүт саууды анағұрлым арттырған Шеин жолдастың гурты екі аралық жұмыс күні тәртібіне көшті. Мал өсірушілердің бір сменасы —таңертеңгі сағат 4-тен кешкі сағат 8-ге дейін, ал екіншісі—кешкі са-

мінің, мамандардың бірқатар бастауыш партия ұйымдарының озат мал өсірушілердің жұмыс тәжрибелерін кеңінен насихаттай алмауында болып отыр. Бұл үлкен қателік. Мәселен, біздің ауданның бірқатар колхоздарында бұзау салқын үйлерде өсіріледі. Мұндай тәжрибені кеңінен тарату қажет. Екінші бір мысал: «Земледелец», «Путь к социализму» колхоздарының сауыншылары әрбір сауын сиырдан 2 мың литрден астам сүт алды. Егер ауданның барлық сауыншылары осындай көрсеткіштерге ие болса, біз 2,5 миллион литр сүтті артық алған болар едік. Қазір біз озат мал өсірушілердің жұмыс тәжрибелерін тарату жөнінде шаралар белгіледік. Озат сауыншылар көршілес колхоздарға барып, онда әңгімелер өткізеді, сауын сиырлардың құнарлылығын арттыру жөніндегі тәжрибелерін ортаға салады.

Плевако жолдас ауданда мал азығының берік базасын жасау жөнінде қолданып отырған шаралар туралы, мал өсірушілер арасындағы бұқаралық -саяси жұмысты күшейту туралы айтты.

Мұнан әрі шешен облыстық ауылшаруашылық басқармасының жұмысындағы елеулі кемшіліктерге тоқталды.

Коробов жолдастың басшылығымен үлкен аппарат, мал шаруашылығының көптеген мамандары жұмыс істейді. МТС- терде қажетті техниканың бәрі де бар. Мұның бәріне ол басшылық етеді. Алайда, ол өзінің сөзінде қарамағындағы қызметкерлер мен мамандардың жұмысы туралы мал қыстату маусымының жайын жақсарту жөнінде қандай шаралар қолданғаны және қолданатыны жөнінде ештеңе айтпады.

Жарыссөзде сөз сөйлеушілердің бірқатары облыстық партия комитетінің ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі Журавлев жолдасты жұмыстағы формальдылығы үшін кіналап, орынды сынады. Мен бұл сынды қуаттаймын. Сіз, Журавлев жолдас, барып тұрған формалист адамсыз, сіз кабинетте отыруды ғана сүйесіз. Сіз Ленин ауданында болып көрген емессіз. Заградовск МТС-нің құрылысы жөнінде қамқорлық жасауды ұмыт қалдырдыңыз.

Совхоздар тресінің директоры **Зенченко** совхоз жұмысшыларының тың және тыңайған жерлерді кезінде игеруді қамтамасыз еткен жұмысшылары туралы айтты. Сонымен қатар ол мал шаруашылығына басшылық етудегі кемшіліктерге тоқталды.

—Біз әрбір 100 сиырдан 15 бұзау, әрбір 100 саулықтан 10 қозы жоспарлағыдан кем алдық, —деді ол, —әсресе Октябрь, Қызыләскер, Степной, Буденный атындағы совхоздар бойынша жас төлдердің көп шығын болуына жол берілді. Мұны тек кейбір совхоздардың басшылары мен мамандарының жауапсыздығымен ғана түсіндіруге болады.

Зенченко жолдас жағдайлары бірдей, бірақ екі түрлі нәтижелері бар екі совхоздың көрсеткіштерін салыстырды. Мал шаруашылығын өркендету жөнінде шың-

ресе, шөп пен сабанды кезінде жыйнап алуды қамтамасыз етпегеніміз үшін алуға тиіспіз. Ашық айтқанда, біз ең шешуші күндері, малдың жайылымнан қолда күту маусымына көшкен кезде, жұмыстың барысына бақылау жасамадық. Біз аудандарда, сондай-ақ, облыстық ұйымдарда мал шаруашылығы үшін жауап беретін кейбір басшыларға талап қоя алмадық.

Баяндамашы және жарыссөзде сөз сөйлеген бірқатар жолдастар мал қыстатудың алғашқы күндерін төзгісіз нашар ұйымдастырғанымызды, осының салдарынан малдың барлық түлігі бойынша көп шығынға жол берілгенін айтты. Мұнда ең басты кінәлілер мал шығыны кемімей отырған Мамлют, Приешім, Ленин, Полудень аудандарының колхоздары, МТС-тері басшылары деп білу керек. Приешім ауданының бірқатар колхоздарында мал өсірушілердің еңбегі нашар ұйымдастырылған. Мұнан аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитеті мал қыстату ісіне басшылық етпейді, істің жайын білмейді, кездескен фактілер туралы кеш біледі деп қорытынды жасауға болады.

Аудандық партия және совет орындары, аудандық партия комитетінің секретары Соболь және аудандық Совет аткомінің председателі Сәрсенбаев жолдастар декабрь айы бойы колхоздарда не болып жатқанын білмеген.

Оспанов жолдас жақсы ұйымдастыру жұмысы табыс кепілі екені жөнінде мысал келтірді.

—Осы ауданның Калинин атындағы колхозында, председателі Суровцев жолдас партия ұйымының секретары Счастливцев жолдас —деді ол,— адамдармен үнемі жұмыс істеді, қыйыншылықтарды жеңудің жолдарын белгілейді, фермада жұмысты нақтылы ұйымдастырады, ... жоқ, олар қыстан ойдағыдай шығады.

Ал Киров атындағы колхозда, председателі Шнейдер жолдас, партия ұйымының секретары Өмірзақов жолдас мал қыстату маусымы басталғалы товарлы-сүт фермасында болмаған, мал өсірушілермен әңгімелесуді қажет деп таппаған. Сондықтан мұнда мал азығы талан-таражға салынуда. Шөптің сапасы нашар, алайда, оны буландыру ұйымдастырылмаған. Мұнда соңғы бір айда аудандық партия комитетінен тек бір-ақ қызметкер—штаттағы насихатшы ғана болған. Колхоз председателі Шнейдер тек қарабасының камын ойлап, қоғамдық шаруашылықты бетімен жіберген. Колхозшылардың айтуы бойынша, МТС директоры Нечепуренко жолдас мұнда мал қыстату маусымы басталғалы бірде-бір рет болмаған. Сондай-ақ, станцияның бас мал дәрігері де келмеген. Осы колхозға бекітілген МТС-тің мамандары жұмысы жақсы ұйымдастырылған Калинин атындағы колхозда ғана болып, Киров атындағы колхозға қажетті көмек көрсетпейді.

Бірқатар колхоздарда мал азығы маусымның соңғы айына жетпейді. Алайда Приешім ауданының басшылары мал азығының қорын толықтыру үшін ешқандай

селелеріне байланысты жақсы және қажетті қарарларды аз қабылдаған жоқ. Бірақ амал не, бұл қарарлар белгілі бір маусымдарда ғана қабылданып, ол қарарлардың орындалуы бақыланбады. Баяндамашы мал шаруашылығын өркендетуде және оның өнімділігін арттыруда колхоздарда орын алып отырған кемшіліктердің совхоздарға да толық қатысы бар екенін атап көрсетті. Совхоздар толық мүмкіндіктері бола отырып, мал шаруашылығын өркендету жөніндегі жоспарды өнім беретін малдың бірде-бір түлігі бойынша орындамады. Мал шаруашылығының жайы әсіресе Қызылы, Петропавл, Буденный атындағы, Ұзынкөл және Чистов совхоздарында төзгісіз болып отыр. Бұл совхоздарда мал азығы көп жетіспейді.

Пленумға қатысушылар баяндама бойынша жарыссөзде мал қыстату маусымының қанағаттанғысыз жайының себептерін жан-жақты талқылап, бұл істің жайын жақсарту жөнінде ұсыныстар жасады.

Булаев аудандық Советі атқомінің председателі **Қизатов** жолдас өзінің созінде аудандағы мал шаруашылығының жайына тоқталды. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысын орындай отырып, ауданның колхоздары МТС-тері мен совхоздары қоғамдық малды өркендетуде және оның өнімділігін арттыруда кейбір алғашқы табыстарға ие болды. Алайда мойындау керек, деді Қизатов жолдас, ауданда мал қыстатудың жайы қанағаттанғысыз болып отыр. Өткен жылдың соңғы үш айында мал, негізінен жас малдар біркатар шығын болды. Мұның басты себебі малға жақсы күтім және оны азықтандырудың дұрыс ұйымдастырылмауы болып табылады. Аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқомі кейбір колхоздар мен фермалардың басшыларының қоғамдық мал шаруашылығының тағдыры үшін жауапкершілік сезімдерін арттыра алмады, қатаң талап қоймады. Істің жайына бақылау жасамады, мал өсірушілерді мал қыстату маусымын үлгілі өткізу жолындағы күреске ойдағыдай жұмылдыра алмады. Біз, аудандық партия комитетінің бюро және аудандық Совет атқомінің мүшелері, артта қалған колхоздардың басшыларына көмек көрсете алмадық. Ауданда шығын болған малдың тең жартысы тек қана 3-ақ ауылшаруашылық артелінен кездесті. Өйткені бұл колхоздарда тәжрибелі председательдер жоқ, ауыл шаруашылығы мамандары жеткіліксіз. Бұл шаруашылықтарға ерекше назар аударудың орнына, біз оларға басқа колхоздармен бірдей қарадық. Соңғы кезде мал қыстату маусымын ойдағыдай өткізу жөнінде біркатар шаралар жүзеге асырылды. Фермаларға мал шаруашылығының мамандары жіберілді. Барлық колхоздар малды сүрленген шөппен азықтандыруға кірісті, ауданда 14 мал азығын буландыратын заводтық машиналар жұмыс істейді. Жемшөпті мал қыстауларына тасу қарқынын күшейту үшін қосымша тракторлар мен көліктер бөлінді. Біздің есебіміз бойынша мал азығын қыстау маңына тасу жұмысы январь айында аяқталуға тиіс.

Шешен жұмысты СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы қойған міндет

...дастың қолындағы ұзындығы 3 метр графикті толтыру үшін түрлі цифрларды жыйнауға мәжбүр болдық.

Булаев МТС-нің директоры **Лепехин** жолдас пленумға қатысушыларға мал қыстату маусымын жақсарту үшін МТС-тің кеңейтілген Советі өткізілгенін, оған колхоз председательдері мен мал өсірушілер қатысқанын хабарлады. Советте мал қыстату барысындағы кемшіліктер станция дирекциясының, партия ұйымының, мамандардың бұл жұмысқа немкетті қарауларынан екені анықталды. Нақтылы шаралар белгіленді. Жабайы мал азығын жыйнау, колхоздарда мал азығын ұнтап және булап беру ұйымдастырылды. Біз сүрленген мал азығын дайындауға көп назар аударатын болдық. Осының нәтижесінде өткен жылы әрбір сауын сыйырдан 236 литр сүт артық алынды. Быйыл бұл шараларды онан әрі жүзеге асырудамыз Осының нәтижесінде қоғамдық малдың өнімділігі арта түсуде.

Совет аудандық Советі атқомінің председателі **Живулина** жолдас өзінің сөзінде мал шаруашылығын өркендету жоспарын кәзіргіден гөрі анағұрлым ойдағыдай орындау үшін аудан партия ұйымының толық мүмкіндігі болғанын айтты. Егер ауданның озат мал өсірушілерінің көрсеткіштерін алсақ біздің мүмкіншіліктерді толық пайдаланбай отырғанымыз айқын көрінеді. Жұмыстағы басты кемшіліктердің бірі сол—ауданның МТС-тері өздерінің жұмыстарын күні осы уақытқа дейін СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының талабына сәйкес қайта құра алмай отыр. Бізде мамандар, зоотехниктер, мал дәрігерлері жеткілікті. Бірақ не пайда. МТС директорлары оларды толық пайдаланбайды. Мал қыстату маусымын ұйымдастыруда жергілікті Советтердің, депутаттардың ролі жоқтың қасы. Олар мал шаруашылығын өркендету күресіне мүлдем жеткіліксіз қатысады. Бұл жөнінде еңбекшілер депутаттарының облыстық Совет атқомі де кінәлі екенін жасыруға болмайды.

Живулина жолдас өзінің сөзінде партия органдарының жұмысындағы кемшіліктерге көп тоқталды. Бізде 4 айдан бері аудандық партия комитетінің бірінші секретары жоқ. Сартомар МТС-і аймағы жөніндегі секретарының орны да бос тұрғанына жылға жуық уақыт өтті. Аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі секретарьларының семьялары аудан орталығында тұрады. Мал шаруашылығында жұмыс істейтін коммунистердің саны мүлдем жеткіліксіз. Живулина жолдас партия ұйымдарының жұмысы туралы, аймақ жөніндегі секретарьлары мен нұсқаушылар топтарының жұмысы туралы ештеңе айтылмағаны үшін Попадько жолдастың баяндамасын сынады. Сондай-ақ ол кейбір маңызды мәселелерді баяу шешетіні үшін облыстық ауыл шаруашылығы басқармасын сынға алды.

Партия бізді еңбекшілердің шағымдары мен арыздарын мұқыят қарауға үйретіп келеді, деді шешен. Мен облыстық партия комитеті шағымдар мен арыздарға қалай қарайтыны жөнінде бір мысал келтіргім келеді. Өткен жылы апрель айында мен Попадько жолдасқа аудандық партия комитеті бюросының және оның бірінші сек-

...отырғанын айтты. Мұнан кейін ол партиялық-саяси жұмыстағы кемшіліктерге тоқталды. Попадько жолдастың баяндамасында партиялық-саяси жұмыс сыяқты маңызды бөлімнің болмауы кездейсоқ мәселе емес. Әңгіме мынада: облыстық партия комитетінің бюросы, оның секретары Попадько облыстық партия комитетінің бюросының жұмысындағы кемшіліктердің бетін ашқысы келмейді. Егер біз облыста партиялық-саяси жұмысқа үнемі назар аударып, оны дұрыс ұйымдастырсақ шаруашылық міндеттерді орындаудағы табыстарымыз анағұрлым мол болар еді. Көптеген колхоздарда партиялық-саяси жұмыс бетімен жіберілген, партия жыйналыстары айлап өтпейді. Аудандық партия комитеттерінің МТС аймақтары жөніндегі біркатар секретарьлары өздерінің жұмыстарын ауыл шаруашылығы өндірісіне жақындата алмай келеді. Сондай-ақ Коробов жолдас облыстық Совет атқомінің, оның председателі Оспанов жолдастың жұмысындағы кемшіліктерге тоқталды. Аудандарда Советтердің ешқандай жұмысы байқалмайды. Менің байқауымша Оспанов жолдас бұл жөнінде біркатар басшыларға ымырашылдық жасап, жауапсыздық фактілеріне төзіп келеді.

Сөз облыстық Совет атқомі председателінің орынбасары **Калинин** жолдасқа берілді. Ол былай деді:

—ҚКП Орталық Комитетінің облыс колхоздары мен совхоздарында мал қыстатуға әзірліктің жайы және оның барысы туралы қаулысында облыс партия, совет, ауылшаруашылық органдарының жұмысындағы кемшіліктер мен қателіктер дұрыс көрсетілген. Олай болса, біздің міндетіміз бұл кемшіліктер мен қателіктердің себебін ашып, әрбір колхозды жем шөппен, жылы мал қораларымен жабдықтайтын, мал шығынын тоқтатуды қамтамасыз ететін шаралар белгілеу болып табылады.

Калинин жолдас біркатар МТС директорларының мал шаруашылығына басшылық жасаудан тыс қалып отырғанына назар аударып былай деді:

—МТС директорлары Потякин және Корнев жолдастар Ленин аудандық Советінің сессиясына қатысып отырып, мал қыстату маусымының жайы туралы сөз сөйлеуді қажет деп таппады. Олар басқарған станциялардың аймақтарында малдың көп шығын болуына жол берілуде. Солай бола тұрса да, сессияда олардың сөз сөйлемеулерінің сыры мынада екен: мал шаруашылығының жайына жауап беру жөнінде талап қойылғанда ол екеуі де бірауыздан мынаны мәлімдеді: «біз жауап бере алмаймыз, барлық материалдары зоотехниктер жыйнаған, ал бізде ештеңе жоқ». Мұндай мәлімдеме сансыз ескертулердің болуына қарамастан МТС директорларының мал шаруашылығынан тыс қалып келе жатқанын дәлелдейді.

Пленумға қатысушылардың сынына жауап бергенде Калинин жолдас түрлі көп үлгілер бойынша мәліметтер жыйнауды қорғауға тырысты.

Істің нақтылы жайын білу үшін түрлі үлгілер өзінен-өзі, ықтыярсыз жасалады, —деді ол.

Артельдегі істің жайын баяндай келіп,

...ғат 8-ден таңертеңгі сағат 4-ке дейін жұмыс істейді. Жұмыстың мұндай системасы жақсы нәтиже берді: сүттің мөлшері, майлылығы артты. Біз басқа гурттарда да жұмысты осылай ұйымдастыруды ұйғарып отырмыз. Меніңше колхоздарда да мал шаруашылығында еңбек ұйымдастыруды қайта қарап, оларға екі аралық жұмыс күні тәртібін ұсынған жөн.

Петропавл аудандық партия комитетінің секретары **Петухов** жолдас ауданда мал шаруашылығының жайын жақсарту жөнінде қолданылып отырған шаралар туралы айтты. Сонымен қатар ол жұмыстың теріс әдісі үшін кейбір партия және совет орындарын сынады.

—Мал шаруашылығына басшылықты жақсарту үшін, — деді ол, — жұмысты жаңа міндеттер дәрежесіне сай ұйымдастыру керек. Шөп шабудың алғашқы біржарым айында жұмыс қызу жүргізіледі. Ал егін жыйнау басталысымен мал азығын дайындауға жете назар аударылмайды. Мәселен, Петропавл ауданы бойынша егіс даласынан 13,5 мың гектар жердің сабаны жыйналмай қалды. Егер бұл сабан жыйналған болса, аудан колхоздарының барлығын да қажетті мал азығымен қамтамасыз етуге болар еді.

Біздің облыста аудандық партия комитеттерінің секретарьлары мен аудандық атқомдердің председательдерінен бастап совет және ауылшаруашылық органдарының басшыларына, МТС директорлары мен зоотехниктерге дейін басшы қызметкерлердің іске жауапкершілігі төмен. Мұндай жағдай облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетінен де қолдау таппай отырған жоқ. Бір мысал, бүгін пленумда мал азығын толық әзірлемегені, мал қораларымен толық қамтамасыз етілмегені үшін Петропавл ауданы сынға алынып отыр. Мұнан төрт ай бұрын жұмысты олқылыққа ұшыратқаны үшін аудандық Совет атқомінің председателі Ыбраев жолдас қызметінен босатылды. Таңқаларлық мәселе сол—кәзір Ыбраев жолдас облыстық Совет атқомінің бөлім меңгерушісі болып қызмет істейді. Мен мұндай фактіні дұрыс емес деп білемін.

Біркатар аудандарда соның ішінде біздің ауданда мынандай зыянды практика орын тепкен: аудандық партия комитеттерінің МТС аймақтары жөніндегі секретарьлары, колхоздарға бекітілген нұсқаушылар күні осы уақытқа дейін аудан орталығында тұрады. Мәселен, бізде, Петропавл МТС-і аймағы жөніндегі секретарь және үш нұсқаушы қалада тұрады. Ол-олма, Петропавл МТС-нің жаңа директоры Данилов жолдас қалада тұруды ұнатып, МТС усадьбасына көшіп барудан бас тартып отыр.

Жемшөптің мол болуына қарамастан біздің ауданда мал басының азаюына жол беріліп отыр,—деді Ленин аудандық партия комитетінің секретары **Плевако** жолдас.

Айта кету қажет, ауданда мал шаруашылығын өркендетуде кездесіп отырған елеулі кемшіліктердің бір себебі—аудан партия ұйымының, облыстық ауыл шаруашылық басқармасы мен облыстық партия комитеті ауылшаруашылық бөлі-

...анағұрлым жақсы. Шешен жемшөптің жеткіліксіз болуын кейбір совхоз басшыларының бұл маңызды іске жете мән бермегенінен деп біледі. Жемшөп базасын нығайтудың перспективалары туралы айта келіп, Зенченко жолдас мынаны мәлімдеді:

Мәселе томарларды құрғатуда емес, жайлымдықтар мен шабындықтарды кеңейтіп, оны жақсартуда, біржылдық шөптердің егісін ұлғайтуда, табиғи шөптерді шабуды дұрыс ұйымдастыруда болып отыр. Облыс совхоздарында шабындық жерлер жеткілікті. Кәзір барлық назар тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу ісіне аударылып отыр. Бұл өте дұрыс. Мол өнімнің тағдыры осыған байланысты. Бірақ сонымен қатар шөп шабатын машиналар мен құрал-саймандарды жөндеудің қарқынын күшейту қажет.

Кәзір ең алдымен мал қораларына мал азығын тасу үшін тракторлар мен көлік күшін барынша көптеп бөлу керек. Барлық фермаларда мал азығын алдын ала дайындап берумен бірге 15 январьға дейін мал қораларын жылытуды аяқтау қажет. Бұл шаралар мал қыстатуды ойдағыдай өткізуді қамтамасыз етеді.

—СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысынан кейін, — деді Преснов ауданы, Маленков атындағы колхоздың председателі **Кухаренко** жолдас, —колхозшылар қоғамдық малға күтімді анағұрлым жақсартты. Біздің колхоздың 7 мал өсірушісі еңбеккүндеріне әркайсысы бір қозыдан қосымша ақы алды. Колхоздың табысы да анағұрлым артты. Егер колхоздың табысы 1953 жылы 600 мың сом болса, ол өткен жылы 1 миллион сомнан асты. Быйыл біз кемінде 1 миллион 610 мың сом табыс алуды жоспарлап отырмыз.

Алайда біз мал шаруашылығын өркендетуде кенже қалып отырмыз. Колхозда өткен жылдың соңғы үш айында едәуір мал шығыны болды. Мал шаруашылығындағы біркатар кемшіліктер бізге, колхозшыларға байланысты, алайда, МТС-тердің мал шаруашылығымен үнемі шұғылданатын уақыты жетті. Егер комбайндар мен тракторлар жұмысқа жарамсыз болса, МТС директорлары зыр жүгіреді, ал мал шаруашылығы жөнінде олар жедел шаралар қолданбайды. Өздігінен жүретін шөп машиналарын жүргізетін адамдардың біркатарының тәжрибелері кем. Сондықтан біз шөп шабу жоспарын орындай алмадық.

Колхозда бұқаралық-саяси жұмысты жақсартуға ерекше назар аудару қажет, бізде бұл жұмыс бетімен жіберілген.

Облыстық Совет атқомінің председателі **Оспанов** жолдас сөз сөйледі.

—Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюросының Солтүстік Қазақстан облысының колхоздары мен совхоздарында мал қыстатуға басшылық етудегі елеулі кемшіліктер туралы қаулысы қатаң болды. Бірақ ол мал қыстатуға біздің қанағаттанғысыз жеңіл-желпі формальды басшылық етуімізге әділ сын болып табылады. Біз мұндай бағаны тек мал қыстатуға жақсы әзірлену үшін мүмкіншіліктерді пайдалана алмағанымыз үшін ес-

...ғы жеткілікті «Борьба», Молотов атындағы, «Непобедимый» сыяқты ауылшаруашылық артельдері колхозшылардың еңбеккүндеріне шөп берген. Колхозшылар артық шөптерін базарларға көптен беріп шығарып сатуда, бірақ амал не, Приешім ауданының басшылары бұл мүмкіндікті байқамай қалған.

Артық шөптерді сатып алу мүмкіншілігі, әсіресе, Преснов, Октябрь және Ленин аудандарының колхоздарында өте зор. Бұл артық шөбі бар колхозшылар үшін шаруашылық жағынан өте пайдалы. Шөп сатып алу операциясын 20 январьға дейін аяқтау қажет.

Оспанов жолдас кәзір мал қыстатудың ең жауапты және шешуші кезеңі екеніне ерекше назар аударды. Мал жаппай төлдей бастады. Бұл науқанға колхоздар әзір емес: қажетті үйлер жетіспейді, адамдар іріктеліп алынбаған. Оспанов жолдас әрбір колхоз бойынша төл алу маусымына әзірлікті жолға қоюды ұсынды.

Мұнан кейін шешен қысқы маусымда мал шаруашылығының өнімділігін арттыру мәселесіне тоқталды. Ол сыйырдың сүттілігі, қой қырқу жөнінде салыстырмалы көрсеткіштерді баяндады. Оспанов жолдас озат тәжрибені өндіріске кеңінен енгізудің қажеттігіне, әсіресе сүт сауу әдісіне тоқталды. Сөзінің соңында Оспанов жолдас мынаны мәлімдеді:

—Колхоздар мен совхоздарда мал қыстатудың жайы өте ауыр. Алайда бұл жағдайды жақсартуға болады. Барлық колхозшы шаруаларды, коммунистерді, комсомолецтерді, активтерді, партия, совет органдарының, колхоздардың, совхоздардың, МТС-тердің басшыларын мал қыстатуды ойдағыдай өткізу күресіне жаппай жұмылдыру қажет.

Пленумға қатысушылар Мамлют, Приешім аудандық партия комитеттерінің секретарьлары Савинов және Соболь жолдастардың сөздерін сынға алды. Бұл аудандарда қоғамдық мал шаруашылығының жайы қанағаттанғысыз болуына қарамастан олар өздерінің сөздерінде жайбарақаттық және немқұрайдылық білдірді.

Оспанов жолдас облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Коробов жолдасқа біркатар орынсыз ескертулер жасап, оны әділ сынамады. Бұл жөнінде Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары Кәрібжанов жолдас Оспанов жолдасты түзетіп, оның сөзі дұрыс емес екендігін түсіндірді.

Жарыссөзге облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі **Журавлев,** Соколов аудандық партия комитетінің секретары **Тащев,** облыстық партия комитетінің әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлім меңгерушісі **Морозова** және Преснов аудандық Совет атқомінің председателі **Макаров** жолдастар қатысты.

Пленумда Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары **Кәрібжанов** жолдас сөз сөйледі.

Пленум облыс колхоздары мен совхоздарында мал қыстатуды ойдағыдай өткізуге бағытталған қарар қабылдады.

Тұқымды жеткілікті дайындап, ұқыпты сақтайық!

ТҰҚЫМ АЙЫРБАСТАУДЫ ЕСҚЕРМЕГЕН

Мен агроном болып жұмыс істейтін Ленин ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы келесі көктемгі егіске арнап 6 мың гектардан астам пар мен зябь дайындады. Мұның 5 мың гектардан астамы тың және тыңайған жерлер. Бірақ колхозда осы тың жерлерге себілетін жаздық бидайдың жоғары сортты тұқымдары жеткіліксіз әзірленіп отыр.

Рас, колхозда жаздық бидайдың жұмсақ тұқымдары едәуір мол дайындалды. Дегенмен мұндай сорттарды тың жерлерге себуге болмайды. Өйткені жұмсақ бидай тың жерлерге егілгенде өнімді едәуір кем береді. Сондықтан мұндай тұқымдарды тыңға егуге қолайлы жаздық бидайдың қатты тұқымдарына айырбастауға әбден болады. Амал қанша, колхоз басшылары бұл іске жете назар аудармаған.

Тұқым айырбастау жұмысы жалғыз «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында ғана емес, Ленин ауданының басқа да бірқатар колхоздарында әлі шындап қолға алынған жоқ. Тұқым айырбастау жұмысының кешеуілдетілуі көктемгі егіс жұмыстарына кері әсерін тигізетінін аудан колхоздары өздерінің тәжрибелерінен талай рет көрді. Дегенмен колхоз басшыларының бұдан қорытынды шығармауы таңқаларлық іс.

Тұқым айырбастау жұмысының осы күнге дейін ескерілмеуіне аудан басшылары да кінәлі. Өйткені олар колхоздардағы мамандардың бұл мәселе жөнінде көтеріп отырған дабылдарына құлақ аспайды. Шығымдылық сапаға келтірілген сортты тұқымды осы бастан дайындап алу жөнінде колхоз басқармаларының, бастауыш партия ұйымдарының алдына қатаң талап қоймайды. Бұл, әрине өте қынжыларлық жағдай. Сондықтан аудан МТС, колхоз басшылары тұқым дайындау ісіндегі орын алып келген кемшіліктерге бұдан әрі төзімділік жасамауға тиіс. Қолда бар тұқымдарды сортты тұқымға айырбастау жұмысын ұйымдастыруға ерекше басшылық жасаулары қажет.

С. БАХРАМОВ,
Ленин ауданы, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының агрономы.

МӘН БЕРМЕЙДІ

Совет ауданындағы «Еркіндік» колхозының № 1 бригадасында егіске әзірлік жұмысы ұмыт қалған. Бұл егіс бригадасының бригадирі Омаров жолдастың кінәсінен болып отырған іс. Ол тұқым тазартуға колхозшыларды жұмылдыра алмай келеді. Осы себепті бригада қоймасындағы 1600 центнерден астам тұқымның бірде-бір центнері тазартылған жоқ.

Ауылшаруашылық құрал-сайманларын жөндеу жұмысы мүлдем жүргізілмейді. Қысқы агротехникалық шараларды жүзеге асыру ісі де қолға алынбай отыр. Егіс алаңына қар тоқтату ұйымдастырылған жоқ. Омаров жолдас колхоз шеберле-

Маңызды іске назар аудармай отыр

Октябрь ауданының алдыңғы қатарлы колхоздары алдағы көктемгі егіске әзірлікті барлық жағынан тыңғылықты ұйымдастыра отырып, бұл істе елеулі табыстарға ие болуда. Ондай колхоздардың колхозшылары егіннен мол өнім алу —сапалы тұқым әзірлеуге тікелей байланысты екендігін жақсы түсінген. Сондықтан олар тұқым құю, тазарту, оны өнгіштік сапаға жеткізу жұмыстарын бір-бірімен ұштастыра жүргізуде.

Бұл жөнінде мысалға «Путь Ильича» колхозының колхозшыларын алуға болады. Колхоз келесі жылдың егісіне қажетті тұқымды жеткілікті мөлшерде құйып алып, оны тазартуды тыңғылықты жүргізді. Мұнда тұқымның барлығы шығымдылық сапаға жеткізілген. Осы сияқты «Щит», «Путь к коммунизму», «Дружина» колхоздарының колхозшылары да барлық тұқымды тазартып болды.

Алайда ауданның барлық колхоздарында жағдай осындай деуге болмайды. Кейбір колхоздардың басшылары тұқым құю, тазарту мәселесіне жете назар аудармай, бұл істе айтарлықтай кемшіліктерге жол беріп отыр. Коновалов МТС-нің қамтуындағы «Интернационал» және Чапаев атындағы колхоздарда тұқым құю және құйылған тұқымды егістік сапаға жеткізу ісінің жайы нашар. Буларда тұқымдық дәннің көпшілігі әлі күнге дейін тазартылмаған. Колхоздардағы астық тазартқыш машиналар жұмысқа өнімді пайдаланылмайды. Тұқым тазартуда жұмыс істеп жүрген колхозшылар арасында еңбек тәртібі қатаң сақталмайды. Тұқым тазартуда бұл колхоздарға МТС мамандары айтарлықтай көмек көрсете алмай жүр. МТС-тің колхоздардағы агрономдары бұл іске басшылық жасаудан мүлдем тыс қалған. Чапаев атындағы колхозда МТС-тің «ВИМ» астық тазартқышы техникалық жарамсыздықтан көп уақыт бойы қарап тұрды. Бірақ МТС бұл астық тазартқышты дереу жөндеуді кезінде ұйымдастырмады.

«Интернационал» және Чапаев атындағы колхоздарда дәнді, майлы дақылдар тұқымы мөлшердегіден кем дайындалған. Солай бола тұрса да колхоз басшылары тұқым қорын іздестіру мәселесімен шұғылданып жүрген жоқ.

Тұқым тазарту және оны өнгіштік сапаға жеткізу ісінің жайы Октябрь совхозында да қанағаттанғысыз. Мұнда 7 мың центнердей тұқымдық дән әлі тазартылмаған және оның шығымдылық сапасы тұқымдық байқау лабораториясында тексерілмеген.

Шын мәнінде совхозда тұқымдық дәнді тазарту жұмысын үлгілі жүргізуге мүмкіншілік мол. Мұнда астық тазартқыш машиналар жеткілікті. Жұмыс адамы да бар. Мәселе тек совхоз басшыларының тұқым дайындау ісіне жеткілікті назар аудармауларында болып отыр.

Қазір көктемгі егіске әзірлік жұмыстарының шешуші күндері туды. Сондықтан колхоз, совхоз басшылары қолда бар тұқымдық дәнді тазарту, егістік сапаға жеткізу және жетпейтін тұқымды іздестіру жұмыстарын қат-қабат ұйымдастырулары керек. Ал аудан басшылары істегі орын алған кемшіліктерді жоюды колхоз, МТС және совхоз басшыларынан қатаң талап етуге міндетті.

Б. ҚАЛИЕВ.

Овощь көшеттеріне құмыра дайындау

Калинин атындағы колхоз (Петропавл ауданы) СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы қаулысын басшылыққа ала отырып, картоп пен овощь өсіру жұмысын едәуір арттырды. Бұл іс негізінен жаңа, прогрессивті әдіс —шаршы және шаршы-ұялы әдіс бойынша жүргізілді, бұл дақылдардың мөлшері көбейтілді. Осымен бірге, картоп пен овощьтарды шаршы және шаршы-ұялы әдіс бойынша отырғызу, олардан өнімді көп алуды қамтамасыз етті. Атап айтқанда, колхоз шаршы-ұялы әдіспен егілген картоптың әрбір гектарынан 100—120 центнерден өнім алды. Колхоздың овощь дақылдарының әрбір гектарынан алған өнім және бұл саладан түсірген табысы өткен 1953 жылмен салыстырғанда екі есе өсті.

Осы табысты тұрақтандыра беру және оны көбейте түсу мақсатымен колхозшылар 1955 жылдың көктеміне қажетті картоп және овощь дақылдарын жеткілікті мөлшерде әзірледі. Қазір колхозшылар, әсіресе колхоз комсомолецтері ерекше белсенділік көрсетуде.

Жуырда комсомол жиналысында колхоз комсомолецтері 25 январьға дейін жұмыс арасында көшет отырғызатын 150 мың шымтезек-шірінді құмыраларын жасауға міндеттенді. Осыдан кейінгі үш күн ішінде колхоз комсомолецтерінің 12 мың шымтезек-шірінді құмыраларын жасап шығарды. Бұл —алынған уәденің толық орындалатынына дәлел.

Колхозда овощь дақылдары көшеттерін отырғызуға арналған шымтезек-шірінді құмыраларын дайындау ісіне комсомолецтермен бірге одақта жоқ жастар да, тәжрибелі колхозшылар да қатысуда. Қазір бұл жұмысқа барлығы 30 адам қатысады. Шымтезек-шірінді құмыралар жасау ісін колхоз бастауыш комсомол ұйымының секретары Лыткина жолдас басқарады.

Колхоз жастары картоп және овощь дақылдары тұқымын көктемге әзірлеумен бірге бұл дақылдар егілетін алаңдарға

Ульяновскіде Владимир Ильич Ленинге ескерткіш ашылды. Қызыл мрамордан жасалған ескерткіш 17 жасар Ильичтің образын береді.

Ескерткіштің авторлары —скульптор В. Цигаль мен архитектор М. Готлиб.

СУРЕТТЕ: Ульяновск қаласында вокзал алдындағы алаңға орнатылған В. И. Лениннің ескерткіші.

(СОТА-ның фотохроникасы).

Каникул көңілді өтуде

Біздің мектептің оқушылары үстіміздегі оқу жылының бірінші жартысын табысты аяқтады. Оқытушылар коллективі мен мектеп комсомол ұйымы оқушылардың қысқы каникулін қызықты өткізу мақсатымен оған алдын-ала жоспар жасаған болатын. Қазір оқушылар сол жоспар бойынша өздерінің қысқы демалыстарын пайдалы, әрі қызықты өткізуде.

Каникул күндерінде өлкетану, физика, математика үйірмелерінде арнаулы тақырыптар бойынша кештер өткізілді. Хор, драма үйірмесіне қатысушылар кезекті сауық кешіне арнап жаңа программада ойын әзірледі. Мектеп кітапханасында оқушылардың кітап, газет, журналдар оқуы үшін жеке бөлме жабдықталған. Сол сияқты, мұнда мектеп оқытушылары «Халықаралық жағдай», «Аспан әлемінің құрылысы», «Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі» деген тақырыптарда баяндамалар жасап, лекциялар оқыды.

Оқушыларымыз колхозшыларға да көп көмек көрсетуде. Олар егіс даласында қар тоқтатысып жүр. Пионерлер «Пионерская правда» газетінің жүлдесін алу жарысына қатысу үшін физкультура пәнінің оқытушысы Қ. Беккожин жолдастың басқаруымен жаттығу жұмыстарын жүргізуде. Сол сияқты оқушылардың шахмат, дойбы жарыстары да өткізілді.

Қысқы каникулді көңілді өткізіп, жақсы дем алған оқушылар оқу жылының екінші жартысына жаңа күшпен кірісетін болады.

Д. КАБЫКЕЕВ.

ТАРАНДЫҚТАРДЫҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША

Колхозшылардың белсенділігі

Біздің колхоз соңғы жылдары шаруашылық жұмыстарын ұйымшылдықпен жүргізіп келеді. Колхоздың барлық салаларынан мол табыс алынуы колхоз байлығын арттыруды қамтамасыз етті. Соның нәтижесінде колхозшылардың мәдени тұрмыстық дәрежесі бұрынғысынан анағұрлым өсті. Осыған байланысты олардың мәдени тілектері де күн санап арта түспек. Колхозда бұрыннан жұмыс істеп келген кітапхана мен клуб олардың бұл тілегін толық қамтамасыз етуге жетіспейді. Бұл жағдай жақында болып өткен тарандықтардың бастамасын талқылауға арналған колхозшылардың жалпы жиналысында айқын көрінді.

Жиналыста сөз сөйлеген колхозшылар өздерінің жақсы кинокартиналар мен көркемөнерпаздардың ойындарын көріп, лекциялар мен баяндамалар тыңдағылары келетіндіктерін, ал бұл үшін қазір колхозда толық жағдай жасалмай отырғандығын қатты сынады.

—Бізге, —деді олар,—міндетті түрде жақсы жабдықталған мәдениет сарайы керек. Ал ол үшін колхозда мүмкіншілік жеткілікті. Тек жұртшылықтың инициативасын деркезінде қолдап, оларды ұйымдастыра білу қажет.

Көпшіліктің пікірін карт колхозшы, 60 жастағы Ксения Николаевна Бутакова өте әсерлі білдірді. Ол жиналыста былай деді:

—Мәдениет сарайын салу өте қажет. Мен жасымның ұлғайғанына қарамастан оның құрылысында зор қуанышпен жұмыс істеймін. Мені кірпіш дайындау бригадасына мүше етіп жазыңыздар.

Колхозшылардың жалпы жиналысы үстіміздегі жылы колхоз мәдениет сарайының құрылыс жұмыстарын бастауға қаулы алды. Оның құрылысы екі жылға белгіленіп, құрылыс жұмыстары үшін 1 миллион сом қаржы бөлінді. Мәдениет сарайы кірпіштен екі қатарлы етіп салынады. Оның 500 адамдық зрительдер залы, лекциялық және спорт залдары, көркем безендірілген үлкен фойесі, агро-зоотехникалық курстар, үйірмелер жұмыс істейтін және демалыс бөлмелері болады. Жаңа мәдениет сарайы тек еңбекшілердің демалыс орны ғана болып қоймай, ол социалистік ауыл шаруашылығының тамаша жетістіктерін жұртшылық арасында кеңінен насихаттайтын бірден-бір орын болуға тиіс.

Әрине, мәдениет сарайын салу колхозшылар үшін жеңіл жұмыс емес. Ол үшін жұртшылықтың жан-жақты көмегі керек. Бұл жұмысқа ауданның және облыстың тиісті орындары да атсалысулары қажет. Оның үстіне мұндай құрылыстар колхоздарда кеңінен жүргізілуде. Мәселен, тек біздің ауданның өзінде ғана Сталин атындағы, Куйбышев атындағы, «III-Интернационал», «Қазақстанның 30 жылдығы», «Культурный пахарь» колхоздары мәдениет сарайларын, ал басқа колхоздар селолық клубтар мен кітапханалар салмақ. Мұның өзі мәдениет ошақтарын салу жұмыстарының кең өріс алғандығын көрсетеді. Бұл жұмыстар үшін көптеген құрылыс материалдары, мәдениет ошақтарының арнаулы жобалары керек. Бірақ біз әлі күнге дейін бұл жобаларды ала алмай отырмыз.

Ауыл-село мәдениет ошақтарын салу жұмыстарына облыстық ауылшаруашылық басқармасы мен совхоздар трестінің басшылары Коробов және Зенченко жолдастар деркезінде көңіл аударып тиісті көмек көрсетуге міндетті еді. Алайда аталған жолдастар бұл маңызды жұмыстарды мүлдем ескерусіз қалдырып отыр. Облыстық совет аткомінің архитектура бөлімінің бірде-бір қызметкері жергілікті жерде болып құрылыс орындарын зерттеуге және қажетті құрылыс материалдарын тауып алуға көмектескен емес. Сол сияқты өнеркәсіп комбинаттары да ауыл-село мәдениет құрылыстары үшін мебельдер және басқа құрылыс жабдықтарын мүлдем аз шығарып келеді. Мәдениет құрылыстарын қажетті жабдықтармен қамтамасыз етуге облыстық тұтынушылар қоғамының председателі Писеуков жолдас та мән берген жоқ.

Ауыл-село еңбекшілері партия мен үкімет қойған ұлы міндеттерді —елімізге неғұрлым мол ауылшаруашылығы өнімдерін беру жолында қажырлылықпен еңбек етіп келеді. Олардың мәдени және тұрмыстық қажеттерін толық өтеп отыруға облысымыздың барлық қоғамдық ұйымдары мен мекемелері атсалысуға тиіс.

И. АРТЕМЬЕВ.
Приешім ауданы, Каганович атындағы колхоздың председателі.

Қызу қарсы алынғанмен қостаусыз қалды

Ауыл-село мәдениет ошақтарының жұмысын жақсарту жөніндегі тарандықтардың баспасөзде жарияланған үндеуін Конюхов ауданының басшылары бастапқыда қызу қарсы алды.

—Сөз жоқ, бағалы бастама, — десті олар.— Колхоз басшыларына тиісті нұсқаулар беру керек.

Алайда іс осымен тынды. Тарандықтардың бастамасын аудан еңбекшілерінің талқылауы ұйымдастырылмады. Бірақ ауданның алдыңғы қатарлы колхоздарының колхозшылары аудан басшылары-

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы аудан орталығынан небары 3-ақ километр тұрады. Бұл колхоздың шаруашылығымен аудан басшылары әбден таныс Өйткені олар мұнда өте жиі келеді. Соған қарамастан аудандық мәдениет бөліміндегілер өздерінің іргесінде тұрған колхоздағы мәдени-ағарту жұмыстарының барысына мүлде көңіл бөлмейді. Бұған мұндағы клуб пен оқу үйі жұмысының бетімен жіберіліп, колхозшылардың мәдени тілектерін қанағаттандыра алмай отырғандығы дәлел. Клуб үйін жөндеу

...ар тоқтатын қалқандар мен бөгеттер жасауға жұмылдырмай келеді.

Осы кемшіліктердің барлығы Омаров жолдастың егіске әзірлікке мән бермеуінен болып отырған іс. Бұған колхоз басшылары жете назар аударуға тиіс.

Ф. МҰҚЫШОВ.

Тұқым тазалау аяқталды

Семиполка МТС-нің қамтуындағы Абай атындағы колхоз тұқым тазалауды аяқтады. Тұқым тазартушылардың бригадасын М. Есниязов жолдас басқарды. К. Смағұлова, Қ. Тәженова, Б. Жақыпова және басқалар тұқым тазартудағы көрнекті еңбегімен көзге түсті. Бригада күн сайын норма бойынша 120 центнердің орнына, 170 центнер тұқым тазалады.

Ө. ӘБДІРОВ.

...шеттерін шымтезек-шірінді құмыраларда өсіру жұмысына мықтап кірісті. Бұл іс-...қар тоқтату жұмыстарын да қызу жүргізуде.

К. ЗАЙІТОВ.

КОНДИЦИЯЛЫ ТҰҚЫМ

БҰЛАЕВО. (**Өз тілшімізден**). «Победа» ауылшаруашылық артелі көктемгі егісті ойдағыдай өткізу үшін әзірлікті күзгі егін орағы аяқталған кезден бастады. Осы кезден бастап колхозда тұқым тазартушы звенолар құрылып, олардың жұмысы екі сменада жүргізілуі қамтамасыз етілді. Астық тазартуда жүрген әрбір колхозшы сменалық тапсырмасын үнемі асыра орындап отырды. Тұқымның сапалы тазартылуына қадағалы бақылау жасалды. Шаруашылыққа басшылықтың нақты болуы өзінің нәтижесін берді.

Кәзір колхоз қоймасындағы дәнді және техникалық дақылдар тұқымы түгел тазартылған. Атап айтқанда, колхозда 4115 центнер бидай, 700 центнер сұлы, 185 центнер арпа және 20 центнер тары тұқымы сапалы тазартылып, түгел кондицияға жеткізілген. Мұнан басқа да техникалық дақылдар мен картоп және овощ тұқымдары ұқыпты сақталуда.

Астық қоймалары былғыл мұнда жақсы жабдықталған болатын. Сондықтан барлық тұқымдық дән кәзір бабында тұр. Колхоз басшылары, сондай-ақ агрономдар қоймаға келіп, тұқымды тазарту және сақтау жайын көріп тұрады. Мұндай бақылау қойма меңгерушісінің жауапкершілігін арттыруда.

Совет ауданы, Аралағаш жетіжылдық мектебінің аға пионер вожатыйы.

Мектептегі практика

Ушинский атындағы мұғалімдер институтының 200-ге жуық студенттері қала мектептерінде алты апталық практикада болды. Олар мектептерде оқыту-тәрбие жұмыстарының жайымен танысты, сабақ берді.

Екінші курстың студенттері Тименбаева, Богданова, Егорова, Бекежанов, Баранова және басқалары сабақты өте жақсы берді. Мектептегі практика болашақ мұғалімдерге сабақты идеялық жоғары дәрежеде беруге, мектептердегі оқу-тәрбие жұмысын кәзіргі қойып отырған талаптарға сай жүргізуге, сөз жоқ, көп пайда келтіреді.

О. НАЗАРОВ.

...ның нұсқауларын тосып отыра алған жоқ. Олар жалпы жыйналыста үндеуге байланысты мәселе қарап, еңбекшілердің мәдени қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыруға жағдай туғызудың жолдарын белгіледі. Мәселен, Каганович атындағы колхозда Суворовск селосында жаңа клуб үйін салу үшін 40 мың сомның қаржысы бөлінді. Сол сияқты «Жаңа тұрмыс» колхозында клуб салу үшін 20 мың сом, «Путь Ленина», «Искра» колхоздарында да осы мөлшерде қаржы бөлінді. Дегенмен мұндай жақсы инициатива көрсеткен колхоздар ауданда санаулы ғана.

Ең алдымен ауданның мәдени-ағарту орындары қысқы маусымға жетікліктей әзірлікпен келмеді. Аудандық мәдениет бөлімі мен колхоз, ауыл-селолық Совет басшыларының бұл мәселеге жете назар аударып, мәдениет орындарының қысқы маусымға тыянақты әзірленуін ұйымдастырмауының салдарынан 21 селолық клубтың тек алтауы ғана қысқа әзір етілді. Мәдени-ағарту орындарын қысқа әзірлеудегі мұндай өрескел кемшілік еңбекшілер арасында жүргізілетін мәдени-ағарту жұмыстарының мүлде бетімен жіберілуіне әкеліп соқты. Көпшілік колхоздарда клубтар жұмыс істемейді, көркөнерпаздар үйірмелері құрылмаған. Жастар өздерінің бос уақыттарын мәдениетті дем алуға пайдалана алмайды.

...керек еді. Бірақ бұл жұмыс деңгейінде жүргізілмеді. Колхоз председателі Меньков, бастауыш партия ұйымының секретары Ситников жолдастар колхоздың үстіміздегі жылы миллионер колхоздар қатарына қосылғандығын мақтанышпен әңгіме етеді. Ал мұндай зор табысқа жету жолында асқан қажырлылықпен еңбек еткен колхозшыларға қамқорлық жасалып, олардың мәдени тілектерін қанағаттандыру үшін ешқандай жұмыс жүргізілмей отырғандығы жөнінде жұмған ауыздарын ашпайды. Мұндай жағдай ауданның Ленин атындағы, Киров атындағы колхоздары мен Эбенфельд, Ортақшы, Владимировка селоларында да бар.

Қонюхов ауданының колхоздары үстіміздегі жылы ауыл шаруашылығынан мол табыс алды. Мұның өзі колхозшылар мен механизаторлардың тұрмыстық және мәдени тілектерін толық қамтамасыз етуге көп мүмкіншілік береді. Барлық колхоздарда да өздерінің клубтары мен оқу үйлерін салуға толық жағдай бар. Тек бұл мүмкіншіліктерді орынды пайдалана білу керек. Сондықтан ауданның партия, совет орындары мен колхоз, ауыл-селолық Советтердің басшылары мәдениет орындардың жұмысын жақсартуға және жаңа клуб, оқу үйлерін салуға жете көңіл бөлуге тиіс.

М. АСҚАРОВ.

Кірпіш өндіру қарқыны арттырылсын

Біздің елімізде жүргізіліп жатқан құрылыстың орасан зор көлеміне қарап, біздің елімізді үлкен құрылыс алаңына теңеуге болады. Құрылыс орындарын құрылыс материалдарымен қамтамасыз ету негізгі міндеттердің бірі болып отыр. Ал біздің облысымызда кірпіш негізгі құрылыс материалдарының бірі болып табылады.

Кәзір біздің қаламызда кірпіш шығарумен шұғылданып отырған № 1 кірпіш заводы құрылыс материалдарын өндіруде көрнекті орын алады. Завод кәзіргі заманның жаңа техникасымен жабдықталған. Жаңа өндірістік цехтары бар, механизмдер көп. Завод төңірегіне жақын шикізаттарды өңдеп, одан күйген кірпіштер шығару үшін мүмкіншіліктер жеткілікті. Оның үстіне, мемлекет тағайындаған өндірістік программаны жүзеге асырушы жұмыспылар мен инженер-техник қызметкерлердің көп адамдардан құралған штаты жұмыс істейді.

Қаламызда құрылыс көлемінің тоқсан сайын, жыл сайын артып отыруымен байланысты, көптеген құрылыс орындары кірпіш өнімін өте қажет етіп отырғандығы мәлім. Міне кірпіш заводы коллективінің алдына осы міндетті орындау мақсаты қойылған.

Алайда, кірпіш заводының партия, шаруашылық басшылары завод алдына қойылған міндеттерді жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін жұмыспылар мен инженер-техник қызметкерлерін кірпіш шығарудың жоспарын орындауға жұмылдыра білмеді. Завод директоры Хохлов жолдас өзін коллективтен оқшау ұстап, заводтың өндірістік өміріне нақтылы ықпал тигізе алмады. Осының салдарынан кірпіш заводы өзі ұйымдасқаннан бергі уақыттың ішінде өндірістік программаны бірде-бір рет орындаған емес. Кәсіп орны 1954 жылдың бірінші жарты жылдығының жоспарын 42,8 процент, ал онбір айдың тапсырмасын 60-ақ процент орындады.

Завод қысқы жағдайда жұмыс істеуге жеткілікті әзірлік жасамады. Осының салдарынан оның жұмысы кәзір мүлдем тоқтатылды. Цехтардың көпшілігі жылытылмаған. Оларды бүмен жылыту ісі қанағаттанғысыз. Сондықтан цехтарға керекті қызуды үнемі беріп тұра алмайды. Оның үстіне жоспарда белгіленген бір қазан атымен орнатылмаған.

Завод директоры Хохлов жолдас пен құрылыс басқармасының бастығы Балашин жолдастың тапсырылған іске өте салақ қарағандығынан балшық запасын жасау уақытында іске асырылмады. Бұл жұмыс аяз басталып, күн суытқаннан кейін қолға алынғандықтан завод кірпіш жасауға жұмсалатын балшық запасын жеткілікті жасай алмады. Сонымен қатар, ерекше атап көрсететін бір нәрсе: Хохлов жолдас Қазақ ССР құрылыс материалдары министрлігі бекіткен практикалық нұсқауларды тікелей жүзеге асырудың орнына, олар жарамсыз деген неше түрлі сылтаумен техникалық нұсқауларды орындауға тікелей бөгет жасап келді.

Мұнда еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру ісіне жеткілікті көңіл бөлінбейді. Мәселен, қазылған балшықты орданы көтеріп шығару мәселесі әлі шешілген жоқ. Сол сияқты қазылған балшықты трактормен тасып шығару ісі де дұрыс жолға қойылмаған. Пайдалануды нашарлығынан трактор қатардан шығып, қалып, завод шикізаттардың запасынсыз қалды. Ал заводқа берілген экскаватор жөнделмегендіктен босқа тұр, оны жөнделп пайдалануға беру үшін көптеген уақыт керек.

Жалпы алғанда заводқа берілген техниканың күтімі өте нашар. Тексерісте мотовоз, вагонеткалар мен автомашиналардың көпшілігіне жөндеу керек екендігі анықталды. Мәселен, осы уақытқа дейін мотовоз тұратын үй құрылысы аяқталмағандықтан ол ашық далада қалып, бүлінуге ұшырауда. Электр линиясы да осы уақытқа дейін жөнделмеген, сол себепті вагонеткаларды көтеріп шығару ісі қиындық келтіруде.

Көптеген құрылыс орындары әлі аяқталған жоқ. Құрылыстың барысын бақылау, оның аяқталу мерзімін қадағалап, өнім сапасын үнемі бақылауға алып отыру Хохлов жолдастың ойында да жоқ. 8 пәтерлік тұрғын үй және өрт резервуарының осы уақытқа дейін аяқталмауы завод басшыларының құрылыс ісіне атымен көңіл бөлмей отырғандығын дәлелдейді. Асхана суық болғандықтан жұмыс істемегелі көп болды. Қай цехқа кірсеңіз де тазалық жоқ, шашылған балшық, сынған кірпіш үйінділері жатады. Бүкіл завод территориясында балшық пен кірпіш сынықтарынан аяқ алып жүргізгіс.

Завод басшыларының тарапынан технологиялық процеске нақтылы бақылау болмағандықтан кірпіштер жаппай бүлінуге ұшырап, жабдықтар мерзімі жетпей тозуда. Еңбекті ұйымдастырудың қамын мұнда ешкім ойламайды. Жұмыс нарядтарын беруде тәртіп жоқ. Мастерлер наряд жасамайды. Сондықтан жұмыспылар нарядты қолдан жасап, істелмеген жұмыстың орындады деп жазып қоятын болған. Мәселен, Сергатюк деген адам бу праводының траншеяларын үгіндіден тазалағанда өзі тазалаған жерді өз бетінше 95 текшеметрге өсіріп жазған. Еңбек тәртібі бетімен жіберілгендіктен жұмыспылардың беретін өнімінің мөлшері төмен. Жұмыспылардың кемшілігі өнім шығарудың нормаларын орындамайды. Заводта пәтерлердің жеткіліксіздігінен қаланың басқа ауданында тұратын жұмыспылардың кейбіреулері жұмысқа 5-7 километр жаяу жүріп келеді.

Завод территориясында ашылған магазиннің жұмыс істеуі нашар. Магазин суық. Сондықтан дүкеншінің онда жұмыс істеуі қыйын.

Міне, завод жұмысындағы осы сияқты кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарудың орнына, завод директоры Хохлов жолдас өзімен өзі болып, коллективтен қол үзген. Ол партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарымен ақылдасып іс істеуден атымен қалған. Хохлов социалистік жарысты ұйымдастыру мәселесіне, жұмыспылар мен инженер-техниктердің арасында саяси-тәрбие жұмысын жүргізуге мән бермейді. Өркөкіректікке салынған. Коллектив пікірімен санаспайды. Жұмыспыларға қамқорлық жасаудан бүтіндей бас тартқан. Завод жұмысындағы кемшілік атаулыны ол бұйрық жазумен жойамақ. Хохловтың бұйрыққа құмарлығы сондай, 1954 жылдың ішінде ол бұйрық жазбаған күн жоқ. Заводта істейтін 23 инженер-техник қызметкерлердің бірдебірімен шын жүректен сөйлесе білмеген Хохлов өзін ешкімге теңеуге болмайтын, барлық істі тындыратын басшымын деп есептейтін дертке шалдыққан. Өзімен бірге бір коллективте істейтін қызметкерлердің болмашы кемшілігіне ол ақырумен, бұйрықпен жауап беретін болған, бұйрықпен қызметтен деру шығарып отыратын болған. Мәселен, 1954 жылы 60 инженер-техник қызметкер жұмыстан шығарылған. Оның бесеуі механик, үшеуі бас бухгалтер, төртеуі транспорт бастығы. Ал пресс цехының бастығы 10 рет, механикалық мастерскойдың бастығы 12 рет ауыстырылған.

Кірпіш заводының басшыларына, әресе, соның ішінде завод директоры Хохлов жолдасқа кәзіргі уақытта кәсіпорынның табысты болуы, бүкіл коллективке, коллективтің үнімен есептесіп отыратын іскер басшылыққа байланысты екендігі түсінікті болуға тиіс.

Егер завод директоры Хохлов, партия ұйымының секретары Борисенко жолдастар завод жұмысындағы кемшіліктерден дерекзінде қорытынды шығарып, жұмыспылар мен инженер-техник қызметкерлерін өндірістік программаны орындауға жұмылдыра білетін болса, заводты алдыңғы қатардағы кәсіпорындарының қатарына қосуға болады. Ал заводты озаттар қатарына қосу үшін мүмкіншілік жеткілікті.

А. ҚОЙШЫБАЕВ.

МӘДЕНИЕТТІ ҚАМТУ ҮШІН

Тарандықтардың ауыл-село мәдениет ошақтарының жұмысын жақсарту жөніндегі республикамыздың барлық еңбекшілеріне үндеуін Полудень ауданындағы «Красное знамя» колхозының мүшелері қызу қолдады. Олар үндеуді талқылауға арналған жыйналыста колхоз мәдениет орындарының жұмысын еңбекшілердің тілегіне сай ұйымдастыруда елеулі кемшіліктер орын алып келгендігін ашып, оны келешекте болдырмаудың нақтылы шараларын белгіледі. Мұнда үстіміздегі жылы мәдени құрылыстар салу кең өріс алмақ. Мәселен, № 2 бригада орналасқан Ганькино селосында жаңа клуб салынбақ. № 1 бригада орналасқан Фурманов селосындағы клуб үйі күрделі жөндеуден өткізіліп, қайта жабдықталады. Бұл жұмыстарға 63 мың сомның қаржысы бөлінді. Кәзір колхозда құрылысқа қажетті материалдар әзірленіп, тұтынушылардағы арқылы түрлі мәдени жабдықтар сатып алынуда.

Жаз шырысымен-ақ колхоздың екі бригадасында да спорт алаңы жабдықталмақ. Селолық пункттерді толық қамтамасыз ету мақсатымен колхозшылар әрбір тұрғын үйдің маңына 10 түптен мектеп, клуб пен колхоз кеңсесі маңына 150 түптен жеміс, көркөсімдік ағаштар отырғызуды ұйғарды. Сол сияқты, үстіміздегі жылы духовой оркестр сатып алынбақ.

Кәзір колхоздың барлық фермаларында қызыл бұрыштар ұйымдастырылып, олар әртүрлі әдебиеттермен, музыкалық аспаптармен және радиоқабылдағыштармен жабдықталған. Бұларда колхозшылар жұмыстан кейін жыйналып, мәдениетті түрде тынығып отырады.

Б. ЖАҚЫПОВ.
(Өз тілшіміз).

Жарияланбаған хаттың дерегі

„Жауапсыздық тоқталар ма екен?“

Осы тақырыпта редакцияға түскен тілші хатында Ленин ауданындағы Еңбек орта мектебінің жанындағы интернаттың жұмысындағы кемшіліктер, интернат меңгерушісі Өлібеков жолдастың оқу-тәрбие жұмысын мүлде нашар жүргізіп отырғандығы туралы айтылған болатын.

Облыстық оқу бөлімі бұл жөнінде редакцияға мынаны хабарлады:

Еңбек орта мектебі жанындағы интернаттың жұмысына тексеріс жүргізгенде, мұнда оқу-тәрбие жұмысы мүлде қанағаттанғысыз жүргізіліп келгендігі анықталды.

Облыстық оқу бөлімі тексерістен қорытынды жасай келіп, интернат жұмысын бетімен жібергені үшін Өлібековті қызметінен босатуды ұйғарды. Еңбек интернатындағы оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға бағытталған бірқатар шаралар белгіленді.

Г. М. Маленков жолдастың американ журналисіне берген жауаптары жайында шетелдердегі пікірлер

БУДАПЕШТ, 3 январь. (СОТА). «Сабад неп» газеті Г. М. Маленковтың американ журналисі Чарльз Эдвард Шаттың сұрақтарына берген жауаптарын «бейбітшілік пен халықаралық хауіпсіздік мүдделері үшін барлық елдердегі халықтардың күш-жігері біріктірілсін» деген заголовокпен басқан.

Маленков жолдастың жауаптары, деп жазған газет, «Бейбітшілік үндеуі» деген басмақалада, қазір бүкіл дүние жүзінің қарапайым адамдары ынта қойып отырған ең маңызды проблемаларды қамтыған. Шаттың екінші сұрағына берген Г. М. Маленковтың жауабын келтіре отырып, газет былай деп көрсеткен: совет-американ қатынастарындағы шиеленісті жою үшін ең алдымен герман милитаризмін қалпына келтіруге, бейбітшіл мемлекеттерді соғыс базаларымен қоршауға бағытталған саясатты үзілді-кесілді жою қажет.

Халықаралық жағдайдың аса маңызды мәселелерінің бірі, деп жазған газет бұдан кейін, совет-американ қатынастарын онан әрі дамыту туралы мәселе болып табылады. Мұны халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге қарсы шығып отырған американ басшы топтары да жақсы түсінеді. Сондықтан да олар екі елдің арасындағы қатынастарды ушықтыруға барынша тырысуда. Сондықтан да олар АҚШ-та антисоветтік желігу жағдайын тудыруға тырысып, американ баспасөзінде көптеген мақалалар басуда, бұл мақалалар Совет Одағы мен Құрама Штаттардың бейбітшілікпен қатар өмір сүруі мүмкін емес деп, американ халқын сендіру мақсатын көздеуде.

Бүгін таңдағы толғағы жеткен екінші мәселе, деп жазған газет,—ол атом және сутегі қаруының проблемасы. Әрбір бейбітшіл адам Совет Үкметі басшысының Совет Одағы атом қаруына сөзсіз тыйым салуды жақтап отыр деп мәлімдеп, Совет Одағының бұл маңызды мәселе жөніндегі көзқарасын өзінің жаңа жылдағы мәлімдемесінде тағы да қуаттап бергенін құттықтап қана қарсы алады.

Қазір барлық халықтар агрессияшыл топтардың тіміскілеген әрекеттердің қандайы жөнінде болса да ерекше қырағы болуға тиіс, қазір бейбітшілік пен халықаралық хауіпсіздікті қамтамасыз ету мүдделері үшін барлық елдердегі халықтардың күш-жігерін біріктіруден гөрі анағұрлым маңызды міндет жоқ деген Г. М. Маленковтың сөздерін келтіріп, газет мұның өзі барлық бейбітшіл күштер үшін жаңа жылдағы жауынгерлік программа болып табылады деп атап көрсеткен.

* * *

ПРАГА, 3 январь. (СОТА). Чехословак баспасөзінің радиосы ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдастың Ч. Э. Шаттың сұрақтарына берген жауаптарына зор көңіл бөлуде. Праганың радиостанциялары бұл маңызды документтер туралы хабарды бірнеше рет берді. «Руде право», «Праце», «Людова демократия», «Земеделське новины», «Свободне слово» газеттері және басқалары Г. М. Маленковтың жауаптарын бүгін ірі заголовоктермен көрнекті орындарға басып, бейбітшілік пен халықаралық хауіпсіздікті қамтамасыз ету мүдделері үшін барлық елдердегі халықтардың күш-жігерін біріктірудің маңызды екенін ерекше атап көрсеткен.

«ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленковтың Ч.Э. Шаттың сұрақтарына берген жауаптары,—деп атап көрсеткен «Руде право» газеті, —қазіргі халықаралық жағдайды айқын сипаттап қана қоймай, сонымен бірге бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті онан әрі нығайтуға қажетті басты-басты шарттарды көрсетіп отыр».

Тиісті жақтардың мүдделері өзара құрметтеліп, халықтардың бейбітшілікпен қатар өмір сүру және достықпен ынтымақтасу принципі, деп жазған газет бұдан кейін, Совет сыртқы саясатының негізгі принциптерінің бірі болып табылады. Совет Үкметі бұл принципті Берлин мен Женева кеңестерінде дәйектілікпен ұстаған болатын. Ол осы принциптерге сүйене отырып, БҰҰ-ның тоғызыншы сессиясында қару-жарақты азайту, атом, сутегі қаруына және жаппай қырып-жоятын қарудың басқа түрлеріне тыйым салу жолында күрескен болатын. Г. М. Маленков білдірген Совет Үкметінің көзқарасы барлық елдердің қалың халық бұқарасының талаптарына толығымен сай келеді.

Адал ниетті барлық американдардың Г. М. Маленковтың сөздерін совет халқының ізгі ниеттегі бейбітшілік үндеуі деп қарсы алғанында күмән жоқ. Барлық елдердің бейбітшіл халықтарының бұл мәлімдемені социалистік державаның халықаралық шиеленісті бәсеңдету ісіне барлық күшімен көмектесуге тиіс және халықтар арасындағы достық пен ынтымақ дәнекерлерін бұдан былай да нығайта беруге ізгі ниетпен бел байлағандығының бейнесі деп құттықтайтынында күмән жоқ. Халықтардың бұл сөздерді агрессияшыл топтардың тіміскілеген әрекеттері жөнінде қырағылықты арттыруға шақырған жалынды үн деп қарсы алатынында күмән жоқ.

* * *

БЕРЛИН, 3 январь. (СОТА). Берлиннің демократиялық баспасөзі бүгін Г. М. Маленков жолдастың Ч. Э. Шаттың сұрақтарына берген жауаптарының толық текстін басты.

«Форвертс» газеті Г. М. Маленковтың жауаптарында батыс державаларының герман милитаризмін қайта тудыруға және жаңа соғыс әзірлеуге бағытталған агрессиялық саясатын тоқтату қажет екендігі туралы айтылған сөздерді ерекше атап көрсеткен. Сонымен қатар «қазір бейбітшілік пен халықаралық хауіпсіздікті қамтамасыз ету мүдделері үшін барлық елдердегі халықтардың күш-жігерін біріктіруден гөрі анағұрлым маңызды міндет жоқ» деген мәлімдемеде де ерекше атап көрсетілген.

Геленнің шпиондық ұйымының бұрынғы қызметкерлерінің мәлімдемесі

ВАРШАВА, 3 январь. (СОТА). Поляк баспасөз агенттігі былай деп хабарлайды:

Гелен ұйымының Батыс Берлинде орналасқан және өзінің әрекеті Польшаға қарсы бағытталған тыңшылық орталығы бастығының бұрынғы орынбасары Францишек Нейгебауэр Польшаға келді. Нейгебауэр Силезиядағы семьясына қайтып келуге рұқсат алған.

Геленнің тыңшылық ұйымында Нейгебауэрдің не істегені туралы Поляк баспасөзі агенттігі өкілінің қойған сұрағына ол былай деп жауап берді:

«Геленнің тыңшылық ұйымының Батыс Берлиндегі бөлімшесінде мен бұдан 3 жыл бұрын тұрдым. Құрама Штаттардың разведкасы Геленнің ұйымын қаржыландырып, оған, атап айтқанда, Польша туралы шпиондық хабарлар жинау-

йынша Гелен разведкасының Польшаға қарсы әрекет жасайтын ұяларын Фалькенберг мырза дейтін біреу бақылайды, мен оның өзімен 1953 жылғы декабрьде Майндегі Франкфуртта кеңескен едім. Біз бұл әңгімеде Польшадағы тыңшылық жұмыстарымыздың сәтсіздікке ұшырау себептерін талқылап, Польшадағы шпиондық әрекеттің жаңа жоспарларын анықтап алғанбыз.

Шпиондық және диверсиялық әрекеттерге тек бұрынғы гитлершілдер ғана басшылық етіп, бұларды американдар Геленнің разведкасындағы жауапты қызметтерге қойған. Бұлар көбінесе — көптеген адамдардың өліміне айыпты соғыс қылмыстылары. Бұлар өздерінің қылмыстарын ең алдымен соңғы соғыс кезінде оккупацияланған территорияларда, мыса-

линг» дейтін жалған атпен әрекет жасап отырған адам болып табылады, ол —оккупациялау кезінде Краковта әрекет жасаған және Польшаның үкімет орындары іздестіріп отырған соғыс қылмыстысы. Геленнің разведкасы мен Батыс Германиядағы кекшілдік ұйымдар, атап айтқанда, Поляк территориясынан ауысқан немістерден ұйымдасқан жерлестіктер деп аталатындар арасында тығыз байланыс орнатылған. Жерлестіктер кекшілдік насихат жүргізуде, ал олардың картотекаларын Геленнің ұйымы Польшадағы «жұмысқа» агенттер тартқан кезде пайдалануда. Гелен өзінің агенттерін көбінесе Польшадан ауысқан немістер арасынан, бонндық республикада берік орналасуына Аденауэр қасақана кедергі жасап отырған немістер арасынан жалдап алуда».

Гарри Поллиттің компартияның Шығыс Англия ұйымының конференциясында сөз сөйлеуі

ЛОНДОН, 5 январь. (СОТА). Великобританияның коммунистік партиясы жаңа соғыс әзірлеуге қарсы күресте ағылшын жұмысшы табының қатарын топтастыру мақсатымен конференциялар өткізуде. Шығыс Англияның ұйымы шақырған осындай конференциялардың бірінде төртінші январьда сөз сөйлеген Великобритания компартиясының бас секретары Гарри Поллит Шығыс Англияның коммунистері өздерінің «оккупацияланған ауданда» тұрғанын үнемі есте ұстауға тиіс екенін атап көрсетті.

Американ тұрмыс салтының іс жүзінде қандай болатынын көру үшін, деді Поллит, Сіздердің осында көптеген мүмкіндіктеріңіз бар.

Адал ниетті барлық ағылшындар, деп көрсетті Гарри Поллит, ағылшын жерінің американ соғыс базаларынан, атомдық бомбардировщиктерден және американ солдаттарынан арылатын болуын тілейді.

18 декабрьде қабылданған және атом, сутегі бомбаларын қолдану әрекетіне келісуге ағылшын халқын мәжбүр ету мақсатын көздейтін НАТО советінің қарарларына, деп атап көрсетті Гарри Поллит, Англияда өзінен-өзі түсінікті нәрсе сияқты қажетті маңыз берілмеді. НАТО советінің мәжілісі әуел бастан-ақ бұл бомбалар қолданылады дегенге сүйенді де, іс жүзінде американ милитаристерінің бұл бомбаларды қашан және қандай жерде қолданатынын шешуіне право берді.

Бүкіл Англия тарапынан бұл масқара қарарларға қарсы күшті наразылықтар жасалуға тиіс, деп мәлімдеді Поллит.

Жиналғандарды Батыс Германияны қаруландыруға қарсы күресті күшейтуге шақырып, Поллит былай деп көрсетті: «қайсы бір елді қаруландыру мақсатымен дүние жүзілік тарихта әлі ешуақытта да осыншалық күш жұмсалып көрген емес. Мұның өзі экономикалық қысым жасау, саяси жағынан бопсалау және террор жасау, алдап-арбау жолымен істеліп отыр. Мұндағы мақсат—Батыс Германияны қаруланған қамалға айналдыруда, міне осы қамалдан дүниенің социалистік елдеріне қарсы соғыс жүргізуге болар еді деп ойлайды олар».

Батыс Германияны қаруландыруға қарсы күрестің әлі аяқталмағанын, дүние жүзі халықтарының, өздерінің шешуші сөзін әлі де айта алатынын және соғыс жоспарларын күйрете алатынын көрсете келіп, Поллит былай деп мәлімдеді: «25 январьда өзінің жұмысын қайтадан бастайтын ағылшын парламентінде Лондон мен Париж келісімдерін жаңадан талқылауды халықтың талап етуі қазір өте қажет. Сонымен қатар лейбористік партияның Германияны қаруландыру жөніндегі саясатын жаңадан қарау үшін оның арнаулы конференциясы шақырылуға тиіс».

Гарри Поллит барлық коммунистерді Батыс Германияны қаруландыруға қарсы күрестің ұлттық күніне белсене қатысуға шақырды, бұл күн 25 январьда—парламент ашылатын күні өткізіледі.

1948 жылғы мемлекеттік 2 проценттік заем

(ҰТЫСТЫ ЗАЕМ)

1954 жылғы 20-21 декабрьде Серпухов қаласында болып өткен 3-ші өтеу тиражының

РЕСМИ ТАБЛИЦАСЫ

Өтеу тиражына заемның әрбір разрядындағы мына сериялардың барлық 50 номерінің (№ 01-ден № 50-ге дейін) облигацияларына өтеу шықты.

Серия №№	Серия №№	Серия №№	Серия №№	Серия №№	Серия №№	Серия №№	Серия №№
000089	006014	011974	018439	025017	031594	037217	044011
000136	006060	012016	018572	025101	031667	037223	044023
000213	006077	012034	018593	025138	031728	037233	044042
000256	006080	012140	018602	025153	031781	037241	044067
000313	006111	012155	018613	025184	031925	037446	044078
000418	006217	012251	018620	025255	031991	037529	044111
000464	006258	012465	018623	025263	032026	037558	044138
000494	006307	012476	018626	025389	032127	037633	044163
000717	006366	012479	018686	025505	032133	037741	044180
000752	006159	012531	018713	025548	032231	037778	044256
000804	006461	012601	018765	025600	032254	037984	044268
000851	006494	012682	018778	025689	032300	038038	044301
000872	006535	012725	018802	025735	032353	038078	044303
000935	006574	012802	018855	025818	032358	038151	044310
001010	006576	012833	018859	025830	032448	038265	044331
001046	006651	012835	018864	025853	032457	038269	044339
001101	006733	012879	019272	025935	032467	038302	044348
001162	006931	012940	019428	026023	032476	038327	044359
001188	006934	012969	019459	026112	032509	038356	044369
001194	006956	013109	019463	026261	032569	038393	044474
001267	006998	013140	019479	026328	032583	038635	044487
001285	007034	013231	019484	026379	032636	038649	044557
001324	007134	013258	019573	026404	032651	038663	044605
001347	007158	013269	019653	026412	032675	038665	044720
001426	007171	013397	019759	026438	032703	038707	044731
001437	007296	013428	019903	026442	032865	038770	044762
001482	007317	013481	019986	026597	032954	038781	044768
001492	007332	013491	020017	026700	032972	038860	044873
001513	007415	013517	020060	026790	032991	038932	044906
001528	007465	013549	020159	026821	033027	038965	044913
001567	007496	013571	020353	026822	033035	038989	044939
001621	007526	013659	020367	026911	033074	039111	045094
001652	007567	013666	020400	026961	033112	039124	045218
001660	007577	013807	020[illegible]44	026979	033120	039253	045253
001708	007583	013819	020566	026999	033207	039268	045315
001737	007603	0138[illegible]6	020626	027043	033295	039273	045399
001764	007701	013911	020635	027050	033312	039330	045502
001784	007851	013965	020694	027072	033415	039472	045564
001787	007862	013[illegible]66	020700	027128	033459	039475	045585
001835	007926	013969	020800	027204	033463	039486	045590
001935	008040	014025	020817	027315	033529	039652	045633
001943	008053	014093	020820	027319	033549	039677	045666
001951	008057	014240	020883	027361	033552	039865	045668
002012	008087	014334	020897	027395	033563	039905	045698
002022	008192	014374	020932	027404	033787	039980	045765
002039	008193	014427	020971	027428	033851	040079	045888
002048	008235	014474	021003	027508	033879	040101	045971
002060	008243	014492	021012	027574	033886	040180	046005
002120	008254	014587	021182	027661	033894	040272	046125
002131	008272	014588	021188	027693	033946	040448	046171
002184	008352	014613	021249	027807	033947	040560	046177
002279	008380	014619	021310	027820	033956	040587	046179
002284	008435	014703	021354	027850	034010	040592	046209
002312	008549	014836	021362	027962	034103	040599	046298
002350	008580	014851	021430	027973	034107	040634	046308
002397	008637	014879	021491	027977	034115	040765	046413
002436	008646	014894	021497	027981	034140	040768	046505
002445	008685	014929	021505	028014	034175	040856	046527
002530	008753	014934	021515	028053	034224	040883	046528
002542	008756	014950	021558	028165	034262	040941	046574
002623	008819	015012	021650	028225	034307	040967	046584
002639	008886	015049	021674	028292	034407	041045	046657
002714	008923	015083	021719	028329	034449	041047	046716
002741	008975	015100	021[illegible]00	028396	034508	041086	046812
002846	009008	015107	021932	028420	034536	041094	046894
002891	009127	015172	021977	028450	034545	041104	046895
002904	009226	015324	022003	028461	034574	041125	046899
[illegible]	009280	015341	022032	028645	034596	041266	[illegible]

мен Батыс Берлиндегі тыңшылық орталығы бастығының орынбасары болып келдім, оның әрекеті Польшаға қарсы бағытталған. Өзімнің қызмет дәрежеме байланысты мен өте құпия материалдармен еркін таныстым. Геленнің разведкасы ұйымдастырған шпиондық әрекеттер жайында толық хабарым болды.

Гитлершіл генерал Рейнгард Гелен құрған және басшылық етіп отырған шпиондық ұйым қазіргі уақытта АҚШ қаржыландырып отырған Батыс Германияның тыңшылық қызметі болып табылады. Оның негізгі орталығы Мюнхен маңайындағы Пуллах дейтін жерде орналасқан.

Штуттгартта Геленнің разведкасын жарылғыш заттармен, улармен және жалған документтермен жабдықтайтын пункт бар.

Бұл пункт «Швабише индустри фертретунг» фирмасы деген атпен бүркемеленген. Әрбір агенттің Польшаға өткізілгені туралы американдарға арнаулы рапортпен хабар беріліп тұрады. Гелен ұйымының Польшаға қарсы бағытталған әрекеті туралы толық есептер ай сайын арнаулы байланысшылар арқылы жеткізіледі. АҚШ разведкасының тапсыруы бо-мен, Польшаға қарсы әрекет жасап отырған және менің жоғарыда айтқанымдай, Аугсбургте орналасқан тыңшылық орталығына «Гелерс», «Геберт» немесе «Гебер» деген жалған аттармен әрекет жасап отырған Готтард басшылық етуде. Бұл—гитлерлік контрразведканың офицері. Гитлердің ерекше сенімімен пайдалана отырып, ол фашистердің Польшаға шабуыл жасауына, сөйтіп, жаңа соғыс бастауына «сылтау» іздестіріп, дүниежүзілік екінші соғыстың қарсаңында Гливицадағы радиостанцияға жасалған арандатушылық шабуылға қатысқан болатын. Гелен разведкасының барлық әрекеті тек Польшаға қарсы бағытталған бөлімдерінде Кайзер дейтін біреу де жоғары қызметте отыр. Бұл қазіргі Ольштын воеводствосынан шыққан помещик, мұның өзі де гитлерлік контрразведканың «мамасы». Тыңшылық мақсатпен Польшаның жағалауын зерттеумен шұғылданатын Геленнің Гамбургтегі бөлімшесіне басшылық етіп отырған Нэтке дейтін біреу теңіз маңынан шыққан помещик болып табылады, ол гитлерлік армияда генерал дәрежесіне жеткенше қызмет істеген. АҚШ разведкасымен Геленнің штабы арасындағы байланысшы «доктор Бел-

сенің ГДР-ге өтуіне, ал содан кейін Польшаға қайтып келуіне қандай себеп болды деген сұраққа Францишек Нейгебауэр былай деп жауап берді: «Батыс Берлинде және Батыс Германияда фашизмнің қайта туылып, жаңа соғысқа әзірлік жасалып жатқанын мен өз көзіммен көрдім, дұшпанның разведкасында жұмыс істеуге кіріскен кезде, мен силезиялық бола тұрып, өз еліме опасыздық жасағанымды түсіндім. Менің адамдарды Польшада ақиқат өлімге жіберу әрекетіне еңбегі жерде көмектескім келмеді және өз отаныма жасалатын шабуылды әзірлеуге қатысқым келмеді. Сондықтан мен Польшадағы Геленнің ұйымдарын талқандау үшін керек болуы мүмкін документтерді жинап алып, ГДР үкмет орындарына келдім. Менің Польшаға қайтып оралып, жасаған қылмыстарым үшін айыбымды ақтағым келді, өмірімді жаңадан бастап, адал еңбек еткім келді. Польша тарапынан маған күтпеген жерден мейірмандық жасалды. Қазіргі уақытта мен еркін адамның қатарына қосылып, туған жеріме қайтып барғалы отырмын. Мен адал еңбек етіп, қылмысты гитлерлік- американдық науқанның Польшаға қарсы бағытталған саясатын әшкерелеймін».

Рэдфордтың Қиыр-Шығыс елдерін аралаудағы мақсаттары туралы Синьхуа агенттігінің пікірі

ПЕКИН, 5 январь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің шолушысы Цзян Нань былай деп жазады:

АҚШ штабтары бастықтарының біріккен тобының председателі адмирал Рэдфорд Қиыр-Шығыс елдерін аралап жүр. Агрессиялық соғысқа шақырған өзінің үндерімен мәлім болған осы американ адмиралының әрекеттеріне қазір баға беруге болады.

АҚШ-тың Азия жөніндегі саясаты, деп мәлімдеді Рэдфорд, Манилда АҚШ-тың бақылауымен азиялық елдердің соғыс және экономикалық күштерін құруға бағытталған. Ал оның Азияға келген сапарының мақсаты осы саясатты ілгері бастыруда болды. Әртүрлі елдерді аралаған кезінде ол бұл елдердің соғыс күштерін зерттеуге және бұл елдерге американ соғыс «көмегін» арттыру туралы мәселені зерттеуге ерекше күш салған.

Рэдфорд Манил договорына біртен-бір қол қойған азиялық үш елде—Пакистанда, Тайландта, Филиппинде, сонымен қатар Құрама Штаттар Манил договоры бойынша «қамқорлықтағы» елдер деп атаған Камбоджа мен Оңтүстік Вьетнамда болған. Оның бұл аудандарда жасаған әрекеттері оның Манила договорына қатысушы елдердің кеңесіне әзірлік жүргізумен шұғылданғанын көрсетіп отыр, бұл кеңес февральдың екінші жартысында Бангкокте шақырылатын болып белгіленген. Алдағы уақытта Бангкокте шақырылатын кеңесте өзінің позициясы қандай болатынын Құрама Штаттар қазірдің өзінде-ақ аңғартты, ал оның позициясы жергілікті әскерлер құрып, бұл әскерлерді зеңбірек жемтігі ретінде пайдалануда, тұрақты штаб құруда, сонымен қатар Индо-Қытайдағы істерге АҚШ-тың араласуын күшейтуде болып отыр.

Бірқатар мәлімдемелерде Рэдфордтың өзі де Жапонияны, Чан Кай-шидің сатқын тобын және Ли Сын Манның тобын қамтитын «Солтүстік-Шығыс Азияның қорғаныс одағын» жақтайтынын айтты. Рэдфордтың қазіргі уақытта Азияға келуінің негізгі мақсаттарының бірі бұл блокты құруды жеделдетіп, оны Манил договорының блогімен байлап-матастыруда, сөйтіп, қарулы агрессия үшін система құруда болғаны айқын.

Рэдфордтың қытай халқына мейлінше дұшпандықпен қарайтыны жақсы мәлім. Оның қазіргі сапары кезінде аралаған аудандары ҚХР-ді айнала қоршайтын аудандар болып табылады. Мұның өзі тіпті де тегін емес. Ол Қытайға қарсы хауіпті жағдай тудыру және соғыс ошағын құру идеясына барынша берілген. Оңтүстік Вьетнамда ол Нго Динь Дьем тобының соғыс күштерін нығайту және Женева келісімдерінің толық жүзеге асырылуын сәтсіздікке ұшырату жоспары туралы Коллинспен кеңескен. Тайваньда Рэдфорд және Чан Кай-шидің сатқын тобы американ-чанкайшилік договордың жәрдемімен Қытайға қарсы соғыс қатерін күшейту құралдарын талқылаған. Рэдфорд Тайваньға келгеннен кейін американ әскери кеңесшілері тобының басшысы генерал Чейз өзіне бағынатындарға 1955 жыл «қызықты жыл болғалы отыр» деп мәлімдеген. Ассошиэйтед Пресс агенттігі мұның өзін Қытай территориясында үнемі шабуылдар жасау түрінде Қытайға қарсы неғұрлым «белсенді» соғыс жүргізу жөнінде АҚШ-тың чанкайшилик топқа нұсқау беретінін аңғартқандық деп түсіндірді.

Рэдфорд американ қарулы күштері Оңтүстік Кореяны белгісіз уақытқа дейін оккупациялап алады, өйткені, оның айтуынша, американ жоспарларын жүзеге асыру үшін Оңтүстік Кореяның стратегиялық жағынан өмірлік зор маңызы бар. Сондықтан корей мәселесін реттеуге бұрынғысынша кедергі жасайтын болады деп аңғартқан.

Рэдфордтың бұл сапары АҚШ агрессияшыл топтарының Шығыста қарулы агрессия системасын ұйымдастыруды күшейтіп отырғанын, ал сонымен бірге Батыста да осындай системаны ұлғайтып отырғанын көрсетеді. Рэдфордтың мақсаты Азияда жікшілдік тудыру, бейбітшілік аймағын ұлғайтуға кедергі келтіру, соғыс жағдайын тудыру, соғыс жағынан қоршауды ұлғайтып, Қытай жөніндегі қатерді күшейте түсу. Осының бәрі Рэдфордтың өзі жақтап отырған «сақтық соғыс» дейтінге және «жауап ретінде үдете соққы беру» әрекетіне тиісті негіздер әзірлеу мақсатымен жасалуда.

„Біз ең жауапты кезеңде тұрмыз„

БЕЙБІТШІЛІКТІ ҚОРҒАУДЫҢ ИТАЛЬЯН ҰЛТТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҮНДЕУІ

РИМ, 5 январь. (СОТА). Бейбітшілікті жақтаушылардың итальян ұлттық комитеті итальян халқын Батыс Германияны қаруландыруға қарсы және атом соғысының қатеріне қарсы күреске шақырған үндеу таратты. «Европа мен бүкіл дүние жүзінде соғыс хауіпінің күшейгенін көрсететін халықаралық тұрмыстағы соңғы оқиғалар,—делінген үндеуде,—бейбітшілік жолындағы күрескерлердің алдына және өз еліміздің дүние жүзілік апатты жанжалға киліктірілуін көргісі келмейтін барлық азаматтардың алдына жаңа, шұғыл міндет қойып отыр».

Бұл міндет мынада, деп көрсетілген үндеуде: «немістерді қаруландырудың және атом қаруын қолдану арқылы адамдарды қырып-жоюдың апатты жоспарларын күйрету керек. Батыс Германияны қаруландыру және атомдық соғыс болмай қоймайтын іс емес. Францияның республика советі мен итальян сенатында дауысқа қою вермахтты қайта тудыру жоспарларын әлі де күйрете алады. Халық бұқарасы тарапынан жасалған ықпалдың нәтижелері Германияны қаруландыруға пәрменді қарсылық көрсетуге болатын жолдар бар екенін көрсетті. Қазіргі уақытта Париж бен Лондон келісімдері жөніндегі айтыстың сенатта басталуы алдында әрбір депутат пен сенатордың қалай дауыс бергені туралы—оның кімді жақтап дауыс бергені немесе беретіні. Батыс Германияны қаруландыруды жақтап немесе оған қарсы, соғысты жақтап немесе бейбітшілікті жақтап дауыс бергені, не дауыс беретіні туралы есеп беруін талап етуге әрбір азамат праволы да, міндетті де. Немістерді қаруландыруға және атомдық соғыс әзірлеуге қарсы наразылық білдіру үшін бүкіл Италияда январьдың 16-нан 23-іне дейін өткізілетін митингтерде парламенттің мүшелеріне жолыққан мыңдаған делегаттар, депутаттар мен сенаторлардың дауыс беру дәлелдерін жұрт алдында баяндайтын болады. Қазіргі уақытта біз әрбір адамға жүктелетін ең жауапты кезеңде тұрмыз. Сондықтан атомдық соғыстың қандай хауіпті зардаптары бар екенін ғалымдар бүкіл беделімен мәлімдеуге тиіс. Мәдениет қайраткерлері тағылық заманның қайтадан басталу қатері туып отырғанын мәлімдеуге тиіс. Саяси қайраткерлер Батыс Германияны қаруландыруға және Европаны бөлшектеуге бағытталған Париж келісімдеріне «жоқ» деп жауап беруге тиіс. Итальян халқы бүкіл дүние жүзінің халықтарымен бірге герман милитаризмін қайта тудыру жолына кесекөлденең тұратын болсын».

002983	009326	015588	022145	028668	034658	041312	046935
003050	009358	015394	022184	028713	034674	041326	046970
003150	009407	015554	022191	028758	034695	041368	047022
003367	009488	015698	022242	028772	034728	041485	047055
003572	009535	015710	022274	028857	034735	041506	047056
003617	009784	015726	022302	028906	034766	041529	047087
003720	009864	015762	022361	028942	034913	041555	047258
003743	010049	015776	022391	029185	035002	041609	047343
003824	010053	015848	022489	029233	035031	041639	047345
003888	010087	016146	022491	029287	035057	041683	047417
003952	010124	016203	022599	029293	035091	041714	047500
003965	010138	016216	022676	029304	035097	041768	047586
003995	010145	016281	022711	029321	035161	041769	047623
004001	010157	016324	022767	029346	035263	041808	047686
004012	010207	016430	022768	029347	035332	041821	047721
004073	010244	016436	022781	029351	035412	041826	047796
004214	010285	016588	022901	029360	035532	041850	047802
004245	010303	016607	023006	029398	035591	041851	047805
004266	010312	016616	023073	029457	035616	041871	047862
004332	010351	016636	023078	029470	035699	041880	047927
004361	010385	016650	023330	029503	035727	041919	048052
004367	010443	016713	023366	029504	035773	041923	048092
004397	010529	016722	023454	029523	035809	042115	048163
004412	010580	016777	023529	029595	035864	042219	048197
004432	010617	016848	023655	029677	035920	042244	048220
004569	010634	016864	023656	029759	035943	042288	048225
004615	010672	017021	023766	029835	035944	042318	048259
004639	010718	017046	023807	029959	036059	042321	048299
004640	010722	017098	023811	030003	036067	042450	048356
004705	010728	017099	023819	030032	036073	042512	048470
004846	010738	017106	023840	030160	036166	042550	048533
004901	010748	017173	023888	030269	036173	042554	048598
004998	010871	017199	023922	030304	036194	042575	048652
005041	010890	017217	023947	030335	036197	042652	048694
005060	010904	017246	023959	030336	036223	042674	048723
005066	010946	017262	023983	030403	036277	042708	048737
005085	010951	017296	024023	030404	036378	042769	048838
005126	011051	017431	024027	030483	036413	042821	048865
005153	011052	017463	024054	030605	036444	042822	048869
005163	011178	017643	024065	030666	036462	042988	048977
005316	011211	017647	024121	030720	036538	042999	049036
005476	011297	017733	024213	030778	036555	043095	049130
005498	011327	017740	024219	030821	036559	043115	049179
005542	011383	017768	024281	030838	036628	043130	049286
005572	011400	017853	024376	030880	036654	043164	049306
005588	011404	017878	024385	030903	036658	043182	049366
005607	011427	017957	024397	030969	036708	043276	049400
005680	011528	017968	024404	030973	036736	043315	049425
005741	011552	018027	024456	030993	036874	043427	049444
005761	011597	018033	024521	030998	036940	043518	049447
005773	011598	018064	024557	031015	036977	043690	049454
005815	011633	018161	024607	031024	036991	043696	049535
005844	011701	018186	024666	031064	037017	043750	049633
005880	011745	018241	024825	031230	037053	043801	049724
005888	011816	018258	024839	031306	037070	043953	049944
005941	011870	018376	024840	031427	037166	043955	049987
006012	011949	018385	024976	031531	037210	043975	049995

Редактордың орынбасары
Ғ. НҰРМОЛДИН.

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«КІШКЕНТАЙ МУКТІҢ ТАРИХЫ»

Сеанстар күндізгі 12-30 және 3-те басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«КЕЗДІК»

Сеанстар сағат 10-30, 12-30, 2-30, 4-30, 6-30 және 8-30-да басталады.

«ӨМІР ЖОЛЫ»

Сеанс кешкі сағат 10-да басталады.

Петропавл қаласы, Бостандық көшесі, 130-үйде тұрушы Полина Михайловна Буряк Иван Алексеевич Буряктан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Солтүстік Қазақстан облыстық сотта қаралады.

Петропавл қаласы, Некрасов көшесі, 57-үйде тұрушы Роза Құрманғалиқызы Ражкова Василий Никифорович Ражковтан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Солтүстік Қазақстан облыстық сотта қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары— 1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39: газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00399 Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.